

Әділетті Қазақстан

Адамзат тарихындағы жетістіктің барлығы – білімнің жемісі. Қазіргі озық технология дәуірінде ғылымсыз алға басу мүмкін емес. Ғылымды дамыту – мемлекет саясатындағы ең маңызды бағыттың бірі.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ЕРБОЛАТ ДОСАЕВ

Әуезов ауданының тұрғындарымен кездеседі. Жүздесу 13 сәуірде, сағат 9.00-де «Жетісу» шағынауданы, 8 Б мекенжайындағы №117 жалпы білім беретін мектепте өтеді. Кездесуді онлайн-режимде «Алматы» телеарнасының YouTube парақшасынан және Әуезов әкімдігінің Facebook парақшасынан көруге болады.

ҰЛТТЫҚ КЕЛБЕТ



ЖЕРҮСТЕЛ

немесе қазақтың тұрмыс-салтының бәрі тұнып тұрған ғылым

12

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«ҚЫЗЫР ҚАМШЫСЫ»

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

13.04.2023

Түнде:



+6+8 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

14.04.2023

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+26+28 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №47 (6340) 13 сәуір, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/aqshamy.official

www.facebook.com/aqshamy.official

www.youtube.com/channel/UCx23M2x1CHx6Br1JgqyqA

web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/aqshamy.official

twitter.com/aqshamy_kz

АҚОРДА

ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМ

Қазақстан экономикасының маңызды бөлігіне айналуы тиіс

Жиында еліміздің ғылыми-техникалық саясатының алдағы басымдықтары айқындалды. Мемлекет басшысы қай заманда да дамудың басты кілті ғылым екенін атап өтті.



Мемлекет басшысы

Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысын өткізді

– Адамзат тарихындағы жетістіктің барлығы – білімнің жемісі. Әсіресе қазіргі озық технология дәуірінде ғылымсыз алға басу мүмкін емес. Сондықтан мен ғылымды дамыту ісіне айрықша мән беріп отырмын. Осы өзекті мәселе бойынша сайлау алдындағы бағдарламада арнайы өз пікірімді айттым. Себебі ғылымды дамыту – мемлекет саясатындағы ең маңыз-

ды бағыттың бірі. Өкінішке қарай, елімізде ұзақ жыл бойы оған баса назар аударылған жоқ. Соған байланысты шешімін таппай жатқан мәселелер аз емес. Тіпті, бұл сала артта қалды деуге болады. Біз өркениетті ел боламыз десек, осы олқылықтың орнын толтыруымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЖАТАҚХАНА ТАПШЫЛЫҒЫ ШЕШІЛЕДІ



ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Алтай Көлгінов Алматы қаласына жұмыс сапарымен келіп, ЖОО ректорларымен және инвесторлармен студенттер жатақханаларын салу мәселесі жөнінде кездесу өткізді.

3

ҚЫСҚА...

- ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті лауазымына Күнсұлу Дальтонқызы Закарья тағайындалды.
- 2025 жылға қарай ғылымды қаржыландыру көлемі 240 миллиард теңгеге ұлғаяды.
- Қазақстанда машина жасауды дамыту жөніндегі жаңа кешенді жоспар әзірленуде.
- Еңбек министрлігі: жеңілдетілген микрокредит алуға 760-тан астам өтінім түсті.
- Мемлекетке тиісті деңгейде күтіп ұстамаған энергия объектілерін меншіктен алып қою құқығы берілетін болады.
- «Қазақстанның халық әртісі» атағына ие мәдениет қызметкерлеріне төленетін үстемеақы мөлшері екі есеге ұлғаяды.
- ҚР АШМ: көрші елдерден астықтың «сұр» импортын болдырмау үшін оны автокөлікпен әкелуге тыйым салынды.
- Елімізде 138 мыңнан астам мүгедектігі бар адам әлеуметтік қызметтер порталы арқылы қызмет алды.
- Бас прокуратура С.Күдебаевтың шекарадан заңсыз өтуі бойынша қылмыстық іс қозғады.
- Қазақстанда 7 мыңнан астам мектепте бір уақытта шахмат ойнады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасын қабылдады.

Президентке еліміздегі жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жөнінде есеп берілді. Атап айтқанда, бірінші тоқсанда 500-ден астам жемқорлық қылмыс тіркеліп, 400-ден аса тұлғаның жемқорлық әрекеті әшкереленген. Олардың 53-і әртүрлі деңгейдегі басшылар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағалидың айтуынша, биыл 23 қаңтардан бастап шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жолындағы әкімшілік кедергілерді жоюға бағытталған «Бизнеске жол» жобасы іске қосылған. Жоба аясында шамамен 7 мың кәсіпкер көмек алып үлгерді. Бұдан бөлек, Президентке жемқорлыққа жол бермеу үшін қабылданып жатқан алдын алу және сақтандыру шаралары жөнінде мәлімет берілді. Осы ретте биыл Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет сыбайлас жемқорлыққа әкеп соқтыратын қатерлерді жоюға қатысты 769 ұсыным мен ұсыныс енгізді. Мемлекет басшысы жемқорлыққа итермелейтін жүйелі себептер мен жағдайларды жою аса маңызды екенін атап өтіп, жоғары лауазымды тұлғалар арасындағы сыбайлас жемқорлықты анықтауға және оның жолын кесуге баса мән беруді тапсырды.

■ СЕНАТ

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен Палата отырысында сенаторлар Төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталықпен келісімді ратификациялау туралы мәселені қарап, мақұлдады.

Келісім төтенше жағдайлар саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін құрылған арнайы Орталықтың қызметін реттеуге бағытталған. Бұл құжат Халықаралық ұйымның Қазақстан аумағындағы қызмет шарттарын айқындайды.

■ МӘЖІЛІС

Аграрлық мәселелер комитетінің отырысында депутаттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын талқылады.

Жоба жайылымдарды басқару және пайдалану саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған. Заң жобасымен Жер және Орман кодекстеріне, ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы, жайылымдар туралы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделіп отыр. Жиында өзгерістер мен ұсыныстар жан-жақты қаралып, оның тиімділігі мен тәуекелдері талқыланды.

■ ҮКІМЕТ

Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында алдағы жылыту маусымына дайындық шаралары қаралды.

Бүгінгі таңда республиканың электр станцияларына техникалық аудит аяқталғаны, бұл жұмысқа халықаралық консультанттар тартылғаны айтылды. Негізгі жабдықтардың жарамдылық мерзімі, отын шығыны, технологиялық бұзушылықтар және т.б. көрсеткіштер бойынша рейтинг қалыптастырылып, іс-қимыл жоспарлары дайындалуда. Барлық 37 ЖЭО бойынша әкімдіктермен бірлесіп, алдағы жылу беру маусымына дайындық үшін жол карталары жасалып жатыр. 2023 жылы электр станцияларында 10 энергия блогын, 49 қазандықты және 54 турбинаны жөндеу жоспарланған. Биыл Үкімет энергиялық бақылау қызметін заңнамалық тұрғыдан күшейтіп, оларға жоспардан тыс тексерулер жүргізу құқығын береді. Энергия объектілерін тиісті деңгейде күтіп ұстамай, тіршілікке қажетті жүйелердің қызметіне қауіп төнген жағдайда мемлекетке оларды меншіктен алып қою құқығы берілетін болады.

■ ЖОЛ КАРТАСЫ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың төрағалығымен кеңес өтіп, онда несиелік алаяқтықпен күрес жөніндегі жол картасының жобасы қаралды.

Жол картасындағы іс-шаралар несиелік және онлайн-банкінг қызметтері нарығындағы алаяқтықтың алдын алу бойынша құқықтық жағдайлар жасауға бағытталған. Іс-шаралардың басым бөлігі заңнамалық тұрғыда реттеуді қажет етеді. Жауапты мемлекеттік органдар заңнамалық актілерге және салалық нормативтік-құқықтық актілерге қажетті түзетулер әзірлейді.

■ «ЦИФРЛЫҚ НОТАРИАТ»

Әділет министрлігі ЦДИАӨМ-мен бірлесіп, азаматтарға нотариаттық қызметтер алуды айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік беретін «Цифрлық нотариат» атты жаңа жобаны таныстырды. Енді қазақстандықтар сенімхаттарды электронды түрде рәсімдей алады.

Қазақстан нотариаттық қызметтің осы түрін цифрлық форматқа ауыстырған әлемдегі алғашқы мемлекеттердің бірі болды. Егер бұрын сенімхатты рәсімдеу кезінде құжатқа қол қою және нотариустың куәландыруы үшін клиенттің келуі талап етілсе, енді нотариаттық сенімхат азаматтарға eGov Mobile арқылы қолжетімді. Болашақта бұл қызмет бірқатар банк қосымшасында пайда болмақ. «Цифрлық сенімхат» онлайн-режимде клиент пен нотариустың бейнебайланысы арқылы рәсімделеді. Цифрлық сенімхатты алу үшін «eGov Mobile» қосымшасына кіріп, өтініш толтырып, оған ЭЦҚ арқылы қол қойып, мәліметтерді растау үшін қосымшадан нотариусқа бейнебайланыс арқылы қоңырау шалу керек. Содан кейін белгіленген тариф бойынша нотариус қызметін төлеп, «Цифрлық құжаттар» бөлімінде цифрлық сенімхатты алуға болады. Бұл қызметті өтініш берілген сәтте бос кез келген нотариус көрсете алады.

■ АҚОРДА

ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМ

Қазақстан экономикасының маңызды бөлігіне айналуы тиіс



Мемлекет басшысы

Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысын өткізді

(Басы 1-бетте)

Қазақстан тұтынатын емес, өндіретін мемлекетке айналуы тиіс

Президент ғылым мен технологияның өте қарқынды дамып жатқанына тоқталды. Оның айтуынша, ғылым саласы қаржы айналымы миллиардтаған долларды құрайтын алып индустрияға айналды. Технологиялық ірі корпорациялардың құны триллион долларға жеткен. Нейро-желі және жасанды интеллект революциялық үдерістерге бастау болып жатыр.

– Бір сөзбен айтсақ, заман өте жылдам өзгеріп жатыр. Біз осы өзгеріске бейімделуіміз керек. Әйтпесе, өркениет даңғылынан қалып қоюымыз мүмкін. Түпкі мақсатымыз – көшке ілесетін емес, сол көшті бастайтын елдердің қатарында болу. Бұл мақсат, әрине, өте күрделі, оны жақсы түсінуіміз керек. Мен бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Жалпы, біз алдымызға қол жеткізе алмайтын тым асқақ мақсаттар қоймауымыз керек, бірақ ғылыми жетістіктерге жету үшін бар күш-жігерімізді салуымыз қажет. Қазақстан үйренетін емес, үйрететін, тұтынатын емес, өндіретін мемлекетке айналуға тиіс. Бұл міндет бос сөз күйінде қалмауы керек. Ол үшін біз әрдайым батыл қимылдап, бір қадам алда жүруіміз қажет. Жұмысты дұрыс үйлестіре алсақ, бұл шаруа біздің қолымыздан келетіні анық, – деді Мемлекет басшысы.

Еліміз үшін өте өзекті мәселе

Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жылдары ғылым саласында біршама өзгеріс болғанын атап өтті. Атап айтқанда, ғылымды қаржыландыру тәсілдері жақсарып, қаржы көлемі едәуір артты. Ғылыми мекемелер біртіндеп жаңғыртылып жатыр. Әлемге йгілгі ғылыми орталықтарда тәжірибеден өткен мамандар саны көбейіп келеді. Жастардың ғылымға деген қызығушылығы ояна бастады. Бірақ мұның бәрі жеткіліксіз. Ғылым саласы әлеуметтік-экономикалық өркендеуге әлі де тың серпін бере алмай отыр.

– Соңғы бес жылда ғылымға бөлінетін қаржы 60 пайызға артты. Ал ішкі жалпы өнімдегі ғылымның үлесі, керісінше, 0,13 пайызға төмендеді. Бұл қаражаттың басым бөлігі, нақтырақ айтсақ, 70 пайызы бюджеттен бөлінеді. Сондай-ақ, ғылымның түрлі саласын қаржыландыру ісінде өте үлкен теңсіздік бар. Қаражаттың 82 пайызы іргелі және қолданбалы ғылымға жұмсалады. Қалған 18 пайызы ғана тәжірибелік-конструкторлық зерттеулерге арналған. Елімізде ғылыми зерттеулерді іске жаратып, қолданымға енгізетін өндіріс өте аз. Кәсіпорындардың 65 пайызы шикізат, металлургия саласында жұмыс істейді. Бұл – үшінші технологиялық деңгей деген сөз. Машина жасау, мұнай-химия саласындағы, яғни төртінші деңгейдегі өндірістің үлесі – 34 пайыз. Қалған 1 пайызы микроэлектроника, роботтандыру және IT салаларында немесе бесінші деңгейдегі технологиямен жұмыс істейді. Нано және биотехнологияға негізделген алтыншы деңгейдегі өндіріс бізде мүлде жоқ. Бұл жағдай көш соңында жүргенімізді көрсетеді. Ғылымның анағұрлым озық салалары бойынша тым артта қалып келе жатырмыз. Мен нақты цифрларды мысалға келтірдім. Оны мойындауымыз керек. Дамыған елдерде кәсіпорындардың теңжартысынан көбі – бесінші, ал 5 пайызы – алтыншы деңгейге жеткен. Бір сөзбен айтқанда, біздің өндірістеріміз олармен салыстырғанда артта қалған.

Бұл айырмашылықты жою – еліміз үшін өте өзекті мәселе. Сондықтан ғалымдарымызға айрықша міндет жүктеледі. Ғылым саласы ұлттық экономиканы жаңғырту ісінде аса маңызды рөл атқаруға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстанда ғылымның ашық моделін қалыптастыру

Президенттің пікірінше, Үкімет Қазақстанда ғылымның ашық моделін қалыптастыру үшін кешенді шараларды жүзеге асыруы керек. Ең алдымен, ғылымды дамытудың жаңа тәсілдерін заң жүзінде бекітіп, мемлекеттің ғылыми-технологиялық және экономикалық саясатының өзара байланысын күшейткен жөн. Оның айтуынша, ғылым мен технологиялық саясат туралы арнайы заң әзірлеудің қажеттілігі туындады. Бизнесі ғылымға қаржы құюға ынталандыру үшін салық жеңілдіктері мен инвестициялық преференцияларды «ауқымды шегерімдер» түрінде енгізу қажет. Салық, Кәсіпкерлік және Бюджет кодекстеріне нақты нормаларды биылдан қалдырмай енгізу керек.

– Ғылымды мемлекет тарапынан қаржыландыруға ғалымдар, нақтырақ айтқанда псевдоғалымдар «майшелпек» ретінде қарамауы керек екенін баса айтқым келеді. Қаржы гранттарының көбінесе ғылыми маңызды, өзектілігі жоқ жобаларға берілетіні ешкімге жасырын емес. «Парасат» ғылыми холдингіне болған өкінішті жағдай – осының анық мысалы. Бөлінген қаражаттың бәрі құмға сіңген судай болды. Ал оның бұрынғы басшысы, химия ғылымының докторы Америка азаматтығын алып, отбасымен бірге елден кетіп қалды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ғылыми-зерттеу институттары бюджеттен тікелей қаржыландырылады

Мемлекет басшысы ғылыми-жаратылыстану, инженерлік-технологиялық және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы мықты ғылыми орталықтар мен институттарды ашу жөніндегі кешенді жоспарды іске асыра бастаған жөн деп санайды. Президент сондай-ақ, уәкілетті органға жыл сайын докторантураға қабылдандырылғандардың санын 5 мыңға дейін жеткізуді тапсырды. Ғалымдардың мәртебесін дәйекті түрде көтеріп, оларды әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз ету шараларын күшейту үшін жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелер қызметкерлерінің ғылыми дәрежесі мен атағына қарай төленетін үстемеақыны 1,5 есе арттыру міндетін жүктеті.

– Елімізде «ақылды қалаларды» және агромерацияларды дамыту ісі өте маңызды. Сондай-ақ, Каспий теңізін жан-жақты зерттеу және еліміздің биологиялық қауіпсіздігін сақтау керек. Жаңа сорттар арқылы астықтың шығымын арттыру, мал тұқымын асылдандыру, шөлді аймақтарда жеміс-жидекті үнемдеп суару сияқты мәселелерге ғылыми тұрғыдан қарау қажет. Осындай өзекті бағыттарға ауқымды гранттар бөлу керек. Шын мәнінде, гранттармен қамтамасыз етілген ғылыми жобалар өзекті, сұранымға ие болуы қажет. Қазір көптеген ғылыми мекеменің материалдық-техникалық жағдайы мәз емес. Тіпті нашар деуге болады. Ғалымдардың жалақысы төмен. Сол себепті, кейбір дарынды ғалымдарымыз шетелдің ғылыми орталықтарында жұмыс істегісі келеді. Мұны ашық айтуымыз керек. Сондықтан негізгі ғылыми-зерттеу инс-

титуттарын бюджеттен тікелей қаржыландыру қажет. Олардың инфрақұрылымы жаңғыртылып, заманауи зертханалар салынуға тиіс. Ғылыми зерттеу институттарының жұмысы қаншалықты тиімді екеніне талдау жасау керек. Жас ғалымдар онда ықыласпен жұмыс істеуі үшін жағдай жасау қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Академиктерге өмір бойы стипендия төленеді

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымды дамытудың жаңа үлгісіне сәйкес, Ұлттық ғылым академиясының релі ерекше болатынын айтты. Жақында Ғылым академиясына Президент жанындағы орган мәртебесі берілді. Оны қаржыландыру мәселесі шешілді. Академиктерге өмір бойы стипендия төленетін болды.

– Бірақ осы жерде ашық айтуым керек: бізде академиктер тым көп, кейбір академиктердің таза ғылымға еш қатысы жоқ. Бір қарағанда, академик деген аты бар. Бірақ ғылымды дамытуға қосқан үлесін ешкім білмейді. Осындай академиктердің ғылыми сапасы да, олардың ғылымға қосқан үлесі де күмәнді. Бұл Академияға нұқсан келтіргені сөзсіз. Сондықтан Академияның жаңа басшылығы осы маңызды мәселеге назар аударуы керек. Ғылым академиясының бөделі, абыройы мінсіз болуы қажет. Нағыз ғалым болу – академик не болмаса доктор атағына ие болу емес, жан-дүниенен беріліп ғылыммен айналысу, зерттеу жүргізу арқылы қоғамға, елге пайданың тигізу екенін назарда ұстау қажет. Академияның жұмысы түбегейлі өзгеруге тиіс, – деді Президент.

Ғылымның жаңа үлгісі мемлекет пен бизнестің әріптестігіне негізделуге тиіс

Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымның жаңа үлгісі мемлекет пен бизнестің әріптестігіне негізделуге тиіс екенін атап өтті. Оның айтуынша, осы тәсіл әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Бұл Әділетті Қазақстанды құру жолындағы стратегиялық бағдарымызға толық сай келеді.

Президент сөзін қорытындылай келе, елімізде Қаныш Сәтбаев, Өлкей Марғұлан сияқты ғұламалардың жолын қуған ғалымдардың жаңа буыны шығатынына нық сенімді екенін айтты және жиында қатысқан ғалымдарды Ғылым күнімен құттықтады.

Кеңес отырысында Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі Асқар Жұмаділдаев, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының президенті Күнсұлу Закарья, Пурду университеті (АҚШ) Ядролық энергетика мектебінің профессоры Зинетолла Еңсепов, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі Жәкен Таймағамбетов, Густав Рози институтының (Франция) директоры әрі қауымдастырылған профессор Мұрат Сапарбаев, Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты Экономика институты жаһандану және халықаралық ынтымақтастық бөлімінің бас ғылыми қызметкері Оразалы Сәбден, Аустрия ғылым және технология институтының қауымдастырылған профессоры Жәнібек Әлпейішев және Лос-Аламос ұлттық зертханасының (АҚШ) ғылыми қызметкері, техника ғылымының кандидаты Дияр Талбаев сөз сөйледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЖАТАҚХАНА ТАПШЫЛЫҒЫ ШЕШІЛЕДІ



Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Алматының 35 жоғары оқу орнында 188 мыңнан астам студент білім алады. Оның ішінде 120 мыңнан астам тәлімгер басқа қалалардан келген. Осыған байланысты жатақханаларда орын тапшылығы өзекті мәселе болып отырғаны жасырын емес. Айта кеткен жөн, республикада төсек-орын тапшылығы – 70 мың болса, оның жартысына жуығы (30 мыңнан астамы) Алматы қаласына тиесілі.

Бұл мәселені жүйелі түрде шешу үшін елімізде алғаш рет Алматыда жобалық кеңсе ашылды, оның міндеті – барлық қатысушылардың: инвесторлар, университеттер, әкімдік, «Қаржы орталығы» АҚ-тың тиімді серіктестігі үшін жағдай жасау. Бүгінгі таңда «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін Жобалық кеңсеге 70-тен астам инвестор өтініш білдірген. Бұл жұмыс Президенттің тапсырмасы бойынша жүзеге асырылып жатыр, субсидиялау тетігі әзірленіп, жер телімін алу рәсімдері жеңілдетілді.

ЖОО ректорлары мен жатақхана салуға атсалысып жатқан кәсіпкерлердің қатысуымен өткен кеңесте проблемалық мәселелер талқыланды. Нақты айтқанда, төсек-орындары аз жатақханаларды субсидиялауды қолға алу, ғимараттарды жатақханаға айналдыру кезінде мемлекеттік қолдау көлемін 92-ден 230 АЕК-ке дейін арттыру ұсынылды.

А.Көлгінов тапшылық мәселесі бюджет қаражаты есебінен ғана емес, сондай-ақ инвесторларды тарту арқылы шешілетінін атап өтті. Сондықтан жаңа



жатақханалар салуға, бар жатақханаларды реконструкциялауға және ғимараттарды студенттер жатақханасына айналдыруға ниет білдірген инвесторларға барынша көмек көрсету қажет. Сонымен қатар, вице-премьер әрбір жоба бойынша жол картасын әзірлеуді, Жобалық кеңсенің жұмысына сәулет және құрылыс саласы мамандарын тартуды тапсырды.

«Республикада студенттер жатақханаларының тапшылығы жыл сайын артып келеді. Егер бұл мәселе уақытылы шешілмесе, ол тек ұшыға түспек. Жоғары оқу орындарының ректорлары студенттерге жағдай жасауға мүдделі болуға тиіс, ал Үкімет тарапынан инвесторларға жан-жақты көмек көрсетіледі. Алматыдағы Жобалық кеңсе басқа өңірлерге үлгі

болуға тиіс», – деді Премьер-Министрдің орынбасары.

Сонымен қатар, А.Көлгінов «Ғылым ордасы» ғылыми нысандар кешеніне барды. Ондағы Ұлттық ғылым академиясы, ғылыми-зерттеу институттары, Ғылыми архив және т.б. нысандарға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу керек. Жақын арада аталған жұмыстар жүргізілетін болады.

Кәсіпорынның негізгі құрылымдық бөлімшесі – 6 млн кітап сақталған Орталық ғылыми кітапхана. Көшірмелері жоқ материалдарды сақтау үшін Сирек кездесетін кітаптарды, қолжазбалар мен архив материалдарын қалпына келтіру және сақтау орталығы құрылды, ол бірегей құралдармен жабдықталған.

Сондай-ақ, ҚР Премьер-Министрінің

орынбасары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне барып, онда жатақхана мәселесімен танысты. Қазіргі уақытта Ұлттық университет Мәскеу инженерлік-физикалық институтымен бірге ЖОО базасында 100 жобаны іске асырып жатқаны айтылды.

COVID-19 пандемиясы жан-жақты медициналық көмек көрсетуге және төтенше жағдайларға дайын болудың маңызын көрсетті. Осы орайда Премьер-Министрдің орынбасары салынып жатқан Республикалық жұқпалы аурулар ғылыми орталығының ғимаратына да барды. 350 төсек-орны бар аурухана өзекті стандарттарға сәйкес жабдықталады. Жұмыс сапарының соңында А.Көлгінов Орталықтың құрылысын белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



РҰҚСАТ ҚАҒАЗЫ ЖОҚ

тағы бір тұрғын үйге
салынған қосалқы
кеңейтілім сүрілді

Алматы қаласының Қала құрылысын бақылау басқармасының баспасөз қызметі Алматыда тұрғын үйге салынған қосалқы кеңейтілім сот шешімімен бұзылып жатқанын хабарлады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өйткені, Мәуленов көшесіндегі №96/77 үйге екі қабатты қосалқы кеңейтілім рұқсатсыз салынған. Бұған дейін қала құрылысын бақылау басқармасының тексеріс қорытындысы бойынша құрылыс белгіленген тәртіпте сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамасыз, сәулет-техникалық қадағалауды тартусыз, құрылыстың басталуы туралы хабарламасыз шаруашылық әдіспен жүргізілгені анықталған болатын.

Алмалы аудандық соты әкімшіліктің талаптарын қанағаттандырды. 11 сәуірде сот орындаушыларының қатысуымен кеңейтілімді бұзу жұмысы жүргізілді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

САЯХАТТАУДЫ ҚОЯ ТҰРЫҢЫЗ!

Қаланың қым-қуығ тірлігінен шаршағанда тау бөктеріне шығып, сергіп қайтуды алматылықтар әдетке айналдырған. Бірақ мұндай мүмкіндік жиі бола бермейді.



Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Мәселен, «Аюсай» шатқалындағы сарқырамаларға апаратын жолды тастар басып қалған. Табиғаттың тосын мінезі жолға қарай құлаған тастар тосқауыл торы мен ескерту тақталарына дейін бұзып кеткен.

«Осыған байланысты Алматы қаласының төтенше жағдайлар департаменті бірінші, екінші және үшінші сарқырама-

ларға баруға тыйым салды. Сондықтан Аюсай сарқырамаларына экскурсияларды тоқтатуға мәжбүрміз. Аюсай шатқалына келетін қонақтарды тәуекелге бармауға және серуендеу үшін қауіпсіз маршруттарды, мысалы Мың көз жолын тандауға шақырамыз», – деп жазылған Аюсай визит орталығының әлеуметтік желідегі парақшасында.

Ендеше, саяхаттауды қазірше кейінге қалдырыңыз. Визит орталығының қызметкерлері шатқалға бару жолдары әбден



қауіпсіз болған кезде, ол туралы міндетті түрде хабарлап айтатын болады.

БРИФИНГ

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

магистратура мен докторантураға құжаттар қабылдауды бастады

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы магистратура мен докторантураға құжаттар қабылдауды бастады. Осыған орай, Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Академияның Алматы қаласы филиалының директоры Әйгерім Әбілова кеңінен мәлімет берді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Жалпы, академияға құжаттарды қабылдау 3 сәуірде басталып, ағымдағы жылдың 29 маусымына дейін жалғасады.

Алматы филиалы директорының айтуынша, мемлекеттік білім беру тапсырмасы бойынша талапкерлерге қойылатын міндетті талап мемлекеттік орган басшысы қол қойған жолдама болып табылады.

Шетелдік азаматтарды қоспағанда, тағы бір талап – мемлекеттік тілді меңгерудің қажетті деңгейін растау. Академияның қазақ тіліндегі білімін бағалаудың өзіндік QAZAQ

RESMI TEST жүйесі бар, оның нәтижелері Қазтестпен бірге Академияға құжат тапсыру кезінде қабылданады. Тілді меңгеру деңгейін бағалаудың дәстүрлі әдістерінен айырмашылығы, тестілеуді онлайн-режимінде, компьютерден, кез келген уақытта, ыңғайлы жағдайда тапсыруға болады.

– Біз мемлекеттік қызметшілерді, квазимемлекеттік және жеке сектор қызметкерлерін конкурсқа қатысуға және Академияның бір мүшесі болуға шақырамыз. Биыл 6 магистратура, 3 докторантура және 2 модульдік бағдарлама бойынша үміткерлер қабылданды, – деді Әйгерім Әбілова.

Қазіргі таңда аталмыш академияда қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған

онлайн сервис әзірленді және QRT тестін тапсырғысы келетіндер үшін арнайы курстар қарастырылған.

Академияның негізгі өзгерістері: мемлекеттік қызметші – Академия түлегін оқуға жіберген мемлекеттік органда жұмыс істеу міндетінен алынып тасталады. Сонымен қатар, енді мемлекеттік қызметшілерге бес жыл емес, мемлекеттік қызметте үш жыл ғана жұмыс істеу керек. Сонымен қатар, сыртқы саясатты жүзеге асыру, халықаралық ынтымақтастық және шет тілдерін меңгеру үшін кадрларды даярлауды күшейту мақсатында «Халықаралық қатынастар» бағдарламасы бойынша оқу мерзімі 1 жылдан 2 жылға дейін ұзартылып, PhD бағдарламалары бойынша жұмыс өтілі 3 жылдан 5 жылға дейін ұлғайтылды.

Сондай-ақ, спикер 1–30 қараша аралығында модульдік магистратураға құжаттарды қосымша қабылдау жүргізілетіні туралы да айтты. Құжаттар екі кезеңде қабылданады және академияның admission.apa.kz ақпараттық платформасында онлайн-режимінде жүзеге асырылады.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



Премьер-Министр Элихан Смайылов Мемлекет басшысының отандық ғылымды дамыту жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру аясында атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы не деді?

ҒЫЛЫМДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

2025 жылға қарай 240 миллиард теңгеге ұлғаяды

- 2020 жылы ғылымды қаржыландыруға 89 миллиард теңге бөлінсе, биыл оның көлемі 160 миллиард теңгеге дейін ұлғайтылды.
- 2025 жылға қарай қаржыландыру көлемін 240 миллиард теңгеге дейін арттыру жоспарланып отыр.
- Ғалымдардың жалақысы бытыр екі есе өсті. Биыл 20 пайызға көбейді, алдағы жылдары – тағы 20 пайызға артады.
- Гранттар конкурсының қорытындысына қарамастан, базалық қаржыландыру аясында 700 ғалым жалақымен қамтамасыз етілді.
- Іргелі ғылымға қаражат гранттар конкурстан тыс бөлінеді.
- Ұлттық ғылыми кеңестер шешімдерінің объективтілігі

- арта түсті, апелляциялық комиссия құрылды.
- Қазақстанның ғалымдары жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарына тағылымдамадан өтуге жіберіледі.
- Жас ғалымдарға 1000 грантқа дейін бөлінеді.
- 2020 жылы 40 жасқа дейінгі жас ғалымдардың үлесі 38 пайыз болса, бүгінде бұл көрсеткіш 46 пайызға жетті.
- Жобаларды коммерцияландыру үлесі 27 пайызға артты.
- Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының мәртебесі жоғарылады.
- 2029 жылға дейін ғалымдардың санын 1,5 есе арттыру жоспарланып отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ТАҒЗИМ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ҚАРА НАРЫ

Алматыда қазақ баспасөзіндегі безендіру ісінің негізін қалаған көрнекті ғалым, ұстаз, жазушы, публицист, тарих ғылымының кандидаты, профессор Әбілфайыз Ыдырысовты еске алуға арналған «Баспа ісі және медиадизайн: проблемалары және болашағы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



**Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗ**

«Ыдырысов оқулары – IV» аясында ұйымдастырылып отырған конференцияны факультеттің «Баспагерлік-редакторлық және дизайн-ерлік өнер кафедрасы» ұйымдастырды. Ұлағатты ұстаздың шығармашылығы, ғылыми зерттеулері мен мұраларына арналған кітап көрмесі мен «Өмірінен үзік сырлар» атты фотошежіре көрмесімен басталған конференция әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетіндегі Ә.Ыдырысов атындағы дәрісханада жалғасты.

Әбілфайыз Ыдырысұлы – қазақ баспасөзіндегі безендіру ісінің негізін қалаған көрнекті ғалым. Кезінде қара шаңырақтың босағасын имене аттап, қаламы қарымды қаламгерге айналған талай шәкірттің ұстазы болды. Баспасөз айдынына мыңдаған көсемсөз шөбері шықса, барлығының ұстазы Ыдырысов болды.

Конференцияны Журналистика факультетінің деканы Нұржан Қуантайұлы ашып, жүргізіп отырды.

Алғашқы сөз кезегін алған ақын, «Қазығұрт» баспасының директоры Темірғали Көпбаев ұлағатты ұстаздың ұлылығы туралы әңгімелеп, болмысы бөлек бекзат кісінің адами қасиеттері туралы баяндады.

– Менің бір таңқалатыным – Әбілфайыз ағамыз шәкірттерімен тең құрдасындай, әріптес ретінде сөйлесетін. Болашақ маман ретінде пікірлесіп, үлкен үміт күтетін. Шәкірттері де ұстаздың үмітін ақтады, – деп еске алды. Баспа ісінің негізін қалаған Әбілфайыз Ыдырысовпен ұзақ жыл қызметтес болған С.Қозыбаев, К.Қамзин, Д.Баялиева, С.Медеубекұлы, тағы басқа әріптестері өмірі өнегемен өрілген жан туралы еске алды.

Конференцияға арнайы қатысқан Құралай Әбілфайызқызы барлық ұйымдастырушыларға отбасы атынан алғысын білдіріп, арнайы тағайындалған шәкіртақыны табыс етті.

ҒЫЛЫМ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еліміздің ғылым саласын дамыту кезек күттірмейтін басты міндет екенін қадап айтқаны белгілі.



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Ғылым саласының дамуы үшін жасалып жатқан шаралардың алғышарты ретінде «Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарына арналған Тұжырымдамасы» бекітілді. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында 2022 жылдан бастап, «Жас ғалым» жобасы бойынша 1000 грант бөліне бастады.

Қазіргі таңда ғалымдарымыз мемлекетіміздің ғылымын дамыту үшін аянбай еңбек етіп, зор үлестерін қосып жатыр. Ғылымға көңіл бөліп, қызығушылығы артқан жас ғалымдардың да қатары арта түсу-

де. Бұл салада еліміздің ғылымының дамуына зор үлес қосып жатқан жаңалықтар жоқ емес. Әсіресе, жас ғалымдардың аяқ алысы көңіл қуантады.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Бақтығали ЖӘНІБЕКОВ, жас ғалым:

– Жыл сайын ұлы ғалым Қаныш Имантайұлының туған күніне орайластырып, ғылыми конференция өткіземіз. Әр жылы басқосуды ғылымның әртүрлі салаларына арнаймыз. Мәселен, осы жылы бизнес, индустрия саласының өкілдерін шақырдық. Өйткені, қазір бұл сала өте өзекті әрі белсенділігімен көш бастап келеді. Әр елден келген ғалымдар жаңа идея, әзірлеген жобаларын таныстырды.

● СКРИНИНГ

БАЛА – БОЛАШАҚ

немесе сәбидің оқыс дыбыстарға селт етпеуіне мән беру керек

Құлақ – ең қажетті мүшелердің бірі. Айналамызды, жан-жағымызды, тіпті құстардың сайрағанын, судың сылдырын ести алмасақ, толыққанды адам бола алмаймыз. Ал құлаққа ерте бастан күтім жасалмаса, саңырау болып қалуымыз да мүмкін.



**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

Дәрігерлер осылай дейді. Сондықтан ЛОР-мамандар ата-аналарға балалардың аудиологиялық скринингіне аса мән беру керектігін айтып отыр.

Алматы қаласының №8 емхана-сында күн сайын аудиология жүргізіледі. Бұл – жана туған бөбектер мен балалардағы құлақ мүкісін ертерек анықтауға мүмкіндік беретін, есту мүшесіндегі патологияны дер шағында анықтаудағы тиімді әрі бірегей әдіс. Алдыңғы тексеру нәтижелеріне қарамастан, 1 жасқа дейінгі сәбилер тоқсан сайын, ал 3 жасқа дейінгі балдырғандар жылына екі рет аудиологиялық скринингтен өтуі керек.

Жалпы, үйде ата-ана мұқият болып, әлі тілі шыға қоймаған баланың сыбдырға, әлдебір дүрсілге, өзге де дыбыстарға қалай қарайтынына немесе құлақ қоятынына назар аударғаны жөн. Дегенмен, мамандар сәбиде үш айға дейін айқын белгілер болмауы мүмкін екендігін айтады. Жалпы, баланың есту қабілеті 1 айдан 1 жасқа дейін, 1 жас-тан



2 жасқа дейін, 2 жас-тан 3 жасқа дейін және 6 жасқа дейін тексеріледі. Барлық жаңа туған сәби міндетті түрде перзентханада аудиологиялық скринингтен өтеді. Сол кезде кейде теріс нәтиже шығуы мүмкін. Бірақ дәрігерлер одан қорықпау керектігін айтады. Сыртқы құлақ арнасында күкірттің, құлақ дабылы қуысында шарана сұйықтығының болуы осылай күмәнді нәтиже көрсетіп жатады дейді олар. Сондықтан баланы перзентханадан шыққаннан кейін емханада қайта тексерту артық болмайды.

Алматы қаласы №8 қалалық емханасының отоларинголог-дәрігері Ұлықбек Гаипов ата-аналарды балалардың құлағына ерте жастан мән беруге шақырады.

«Баланың есту проблемаларына байланысты дамуында артта қалуына жол бермеу керек! Бізде кохlear-лы имплантацияға дейін есту мүшелерінің ең күрделі патологияларын диагностикалау және емдеу үшін барлық жағдайлар жасалған.

– Егер ата-аналар баланың нашар естіуіне күмәнданса, дереу ЛОР-дәрігерімен кеңесуі керек. Сәбидің дыбыстарға селт етпеуіне қарапайым күкірт тығыны да себеп болуы мүмкін. Оны тазартқаннан кейін есту қабілеті қалына келеді. Мысалы, жас ауыратын балаларда аденондты құбылыстар қозады, соның салдарынан есту қабілеті жоғалуы мүмкін. Немесе құлақ қалқанының артына сұйықтық жиналғанда да есту нашарлайды. Сол сұйықтықты сорып алған соң есту қабілеті қалына келеді. Ата-аналар, балабақшадағы тәрбиешілер, мектептегі мұғалімдер, жалпы, балалармен жиі байланыста болатын адамдар олардың есту қабілетіне назар аударуы керек. Қандай да бір ауытқушылық сезілсе, ЛОР-дәрігер тексергеннен кейін бала сурдологқа жіберіледі. Сонда біз баланың естімей қалу қаупінің алдын аламыз, – дейді №8 емхананың ЛОР-дәрігері Ұлықбек Гаипов.



КӨЗҚАРАС

«ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ – МЕМЛЕКЕТТІЛІК БЕЛГІСІ»

зерделей білсек, белгілі ғалымның осы сөзінің астарында терең мағыналы ой жатыр

Елде бірқатар саяси өзгерістер орнап, тың бастамалар көтеріліп жатыр. Осы ретте халықтың әлеуметтік тұрмысын түзеу маңызды. Ол үшін шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау қажет екені айқын. Экономикалық дүмпу болсын десек, білікті маман даярлап, өндірушіден өңдеушіге айналу шарт. Қазақстан – Еуразия жүрегінде қоныс тепкен ел. Тоғыз жолдың торабында тұр. Батыс пен Шығысты жалғап тұрған магистрал. Ислам елдеріне де, Қытай, Ресей нарығына шығуға да мүмкіндік мол. Баяғы Жібек жолының басты факторы. Сауда-саттық, алыс-берісті жаңғыртуға толық негіз бар. Осыған орай Философия, саясаттану және дінтану институты бас директорының орынбасары, экономист Үлес НЫСАНБЕКТИ әңгімеге тарттық.



ТАРИХИ КЕЗЕҢ

Біз тарихи кезеңдерден өтіп келеміз. Саяси жаңару белен алды. Халық игі өзгеріс күтіп отыр. Соған талпынып тірлік етуде. Әркім өз шаруасын жасап жатыр. Мақсат – жақсы әрі жайлы өмір. Сол үшін қолдан келгеннің бәрін істеуде.

Әділетті елге айналудың бір ғана жолын бағамдаймыз. Ол – ашықтық. Халық атқамінерлердің қандай іспен шұғылданып жүргендігін бақылап отырса дейміз. Осындай шақта «бармақ басты, көз қысты» болмаса. Қарапайым шаруа ісін дөңгелете алса, еңбектене келе магнатқа айналуы қажет. Жетістікке жеткен жанға жастар сүйсінеді. Өсіп келе жатқан жас буын барлығын көріп, біліп отыр. Алғыр, бәсекеге қабілетті қазақ жастары АҚШ, Еуропада кәсіп бастауды армандағаннан гөрі, туған елінде бәрі мүмкін екендігіне көз жеткізуі қажет. Оны жасайтын бүгінгі орта мен аға буын – біздер мен сіздер.

Тарихи кезең мемлекетте ауқымды іс пен оқиғалар орын алғанда болады. Ел мықты болсын десек, ең маңызды салаларды дамытайық. Тұралап қалғандарын жаңғыртайық. Қолынан іс келетін қазақ азаматтарына мүмкіншілік берейік. Сонда ғана нәтижесін көре бастаймыз. Тарихқа көз жүгіртсек, ата-бабамыздың ғұмыры ат үстінде өтіпті. Үнемі жаугершілік, ұдайы соғыс, анталаған дұшпан айналшықтап шықпапты. Небір нәубетті көрсе де, ұлт болып ұйысып, қиын шақта түтел атқа қоныпты. Баһадүр бабалардың арқасында ел мен жер бүгінгі ұрпағына аманатқа қалды. Ал «аманатқа қиянат жасауға болмайды». Мұны көзіқарақты әр кісі біледі. Арманымыз – қазақ мемлекеті заманға сай, унитарлы, экономикасы, әскері қуатты держава болғай. Міне, дәл сол кезде ғана Әділетті Қазақстан орнайды.

ӨНДЕУШІ ЕЛГЕ АЙНАЛАЙЫҚ

Осы уақытқа дейін түрлі жағдай болды. Қызыл империя тұсындағы жағдай айтпаса да түсінікті. Бәрі жоспарлы экономика-тұғын. Соның салдарынан өліп-тіріліп іс қылушы мен жатыпшы бірдей күн көрді. Яғни «күріштің арқасында, күрмек су ішті». Шаруашылыққа ептілер бағаланбады.

Кеңестік кезеңде Қазақстан шикізат көзі еді. Теміржол логистикасы солтүстіктегі көршіге бағытталды. Жердің асты-үстінде қандай байлық бар, соның бәрі сыртқа кетті. Тек қана өндіруші болдық. Алтын, күміс, көмір, хром, никель және т.б.



түсті металдар қазып алынды. Вагондарға тиелді де, шығарылды. Бұның арты ешқандай экологиялық талаптарға сай болмады. Қалай қазылды, кен орындары солай үңірейіп ашық қалды. Ал кейбіреуінде елдімекендердің жер астына түсіп жоқ болып кету қаупі туды. Осындай олқылықтардың орнын толтыра алмай келеміз.

Өңдеуші елге айналудың жолы бар. Ерте ме, кеш пе мұнай мен газ таусылады. Сарапшылар 15–20 жыл деп болжауда. Көрдіңіз бе, қазба байлықтың дәурені аяқталып келеді. Мәңгі ешнәрсе жоқ. Сондықтан экономика көпвекторлы болуы керек. Өзіміз жіпке дейін өңдесек, керек болса аяқкиімнің бауын да жасайық. Сонда ғана сыртқа берешегіміз болмайды. Ішкі нарықты қамтамасыз етеміз. Бұл біздің армандап айтып жүрген асыл ойларымыздың бір парасы ғана.

«ҚАЗАҚТЫҢ ӨЗ АКАДЕМИЯСЫ БОЛУЫ КЕРЕК»

Ұлттық Ғылым академиясының академигі Асқар Жұмаділдаев «Қазақтың өз академиясы болуы керек» дегенді жиі айтады. Өте дұрыс пікір. Әріректен қаузауың. Өткенде философия ғылымының докторы, академик Әбдімәлік Нысанбаевты мәңгілік сапарға шығарып салу рәсіміне қатыстық. 86 жыл ғұмыр кешіпті. Біздің институтты 21 жыл басқарған кісі. Өзі ашық-жарқын, ақкөңіл, шаруаны да шалқайта білетін кісі еді. Жаспен жас адамша, үлкенмен өз деңгейінде сөйлесе алатын. Айтпағым, алдыңғы аға буын кетіп жатыр. Одан кейінгі кісілер де азайыпты. Орта буын біз болып қалыппыз. Мүйізі қарағайдай ғалымдар қалмай барады. Өз уақытында Мәскеуде қона жатып Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезовтер құрған Ғылым академиясының одан әрі кәделі өмір сүруіне әлгі тұлғалар үлесін қосты. Артынан ерген қазіргілер де қал-қадірінше пайдасын тигізуде. Айтпағым, нағыз доктор болатын біздерге жол жабық. Кандидат күйімізде қалдық. 2010 жылы асығыс-үсігіс Болон жүйесіне еніп кеттік. Баяғыдай кандидат, доктор болатын жүйе жойылды. Қазір дәстүрлі жолмен қорғаған докторлардың соңы алпысты алқымдады, алды – қазақтың көрнекті ғалымы, академик Досмұхамед Кішібеков ағамыз ғасыр жасауда. Енді бірнеше жыл өтсе, академик бола алатын доктор болмай қалатын түрі бар. PhD докторларды академиялық дәреже деп қана мойындады. Олар академияның корреспондент-мүшесі бола алмайды. Сонда кім ғалым болуға, академик болуға қызықсын?! Бүйте берсе ешкім ғылымға келуге ынталанбайды. Сондықтан бұрынғысынша кандидат, докторлық қорғауды да қайта енгізейік. Сонда 50/50 болады. Сонымен бірге, магистр дәрежесі үшін айлығына 25–30% көлемінде үстемақы қосайық. PhD доктор ең төменгі жалақының 2 еселенгенін алса дейміз. Нақтырақ айтсақ, қазір Қазақстандағы ең төменгі айлық табыс 70 мың теңге. Осыны 2 еселесек PhD дәрежесі үшін 140 мың теңге қосымша алуы қажет. Сондай-ақ, оны ғылыми дәреже деп тану керек. Бұл ең төменгі жалақы өскен сайын ескерілуі тиіс. Мұны Парламент заңмен бекітіп, ғылым туралы баптың ішінде көрсетілсе дейміз. Сонда ғана жастар шетелде емес, өзімізде жұмыс істеуге құлшынады. Ғылыми жаңалық ашады. Сонымен қатар, гранттық жобалар 5 жылға бекітілгені абзал. Ал жобаны ұсыну, есеп өткізу тек қазақ тілінде жүргізілгені жөн. Ғалым ағылшын, орыс тілінде қайта-қайта есеп жазып әуреленбесе екен. Скопустың да процентілі 35-ке барды. Скопуста гөрі, жазылып жатқан монография, жинақтың таралымы, жарнамасы алғы шепте тұруы тиіс.

ҰҒА ғалымы мен қызметкерлеріне жеңілдік болса екен.

Яғни жылына 1 мәрте санаторий, шипажай, курорттық сауықтыру орындарына жолдама берілсе дейміз. Бұрын осындай жағдай болған. Соны қалпына келтірсе... Өйткені, ғалым ұдайы ой еңбегімен шұғылданады. Қажиды. Жыл соңында 13-жалақы, мемлекеттік мерекелерге сай жылына 3-4 реттен сыйақы, үстемақы, бонус алып тұрса, нұр үстіне нұр болар еді.

Фольклортанушы ғалым, академик Сейіт Қасқабасов «Академияның болуы – мемлекеттілік белгісі» депті. Ғалымның осы сөзінің астарында терең мағыналы ой жатыр.

ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ БІЛДІРЕЙІК

Қазіргі жастар еңбекқор. Істің көзін біледі. Әр шаруаны дөңгелетіп әкетуге ынталы. Мұның бәрі жақсы. Жас кезде тауы шағылмауы үшін бетін қақпайық. Өзім де жүрген жерімде қолдау жасаймын. Ғылыми жобаларға тартамын. Бірақ кейде қисыны келмейді. Кейбірін 0,5 жүктемемен жұмысқа аласыз. Ал төленетіні 80 мың теңгенің айналасы. Толық 1 ставка берсеңіз, заңға томпақ келетін тұсы шыға келеді. Оның өзінде 150 мың теңгеден сәл-ақ асар. Ал алып мегаполис Алматыда мұндай қаржы жыртыққа жамау болмайды. Басында ипотекасы болса, тіптен қиын. Үйленіп, балалы-шағалы болса, мұндай қаржымен мүлдем күн көре алмайды. Көріңіз бе, мәселенің кілтпаны қайда жатыр?!

Ауылдан келген жас азаматтың қалада нәпақасын табуы күрделеніп барады. Аядай ғана жалдамалы пәтерде күн кешеді. Бір шетінен жоғары оқу орнында, колледжде оқиды. Кемінде 2-3 жерде жұмыс істейді. Үйленейін десе, тапқаны өзінен артылмайды. Ауылдағы отбасына қаржы салатындары да бар. Курьер, жеткізуші, даяшы, жүк тасушы сынды қара жұмысшы болып күндік ақыға жұмыс істеп жүр. Еңбекке қарсы емеспіз. Әлгі жастың ойы күн көру, бірді екіншіге жеткізу болса, қайдан қатырып теориялық білім жинайды?! Еуропалық стандарт деп университет, орта арнаулы білім орындарының жылдық оқу ақысы қымбаттап барады. Ал ол әсіресе, ауыл адамдарының қалтасына ауыр тиеді. Қаладағы ахуал да осындай. Жақында жеткізу қызметінде жүргендерге салық салу туралы естідік. Жағамды ұстадым. Әй ол күндіз-түні көз ілмей мопед, велосипед, тіпті жаяу дорба арқалап тасып жүрген қазақ жастары ғой. Иә, ол бюджет жағынан алсақ оң нәрсе. Ал адами тұрғыдан алғанда олардан салық ұстау ұят. Олардың жұмыс берушілеріне салықтық бақылау күшейтілуі керек. Бірақ ол әлгі жеткізу қызметіндегілерге зиянын тигізбегені жөн. Одан да салық тетігін басқа жағынан қайта қарайық. Алпауыт өндіріс орындарының қаншалықты салық төлейтінін бағамдау маңыздырақ.

Солтүстік өңірде жер жетеді. Оңтүстік, Батыс Қазақстан аумағында халық тығыз отыр. Жастар көп, жұмыс аз. «Екі қолға бір күрек» таппай жүрген қаншама жан бар. Сырттағы қандастар елге орала алмай жүр. Бәрін Қызылжар, Кереку, Қостанай облыстарына көшіру керек. Үй, жер, қайтарымсыз көмек қарастырайық. Сонда ғана олар өздері-ақ ауыл шаруашылығын дамытып, іліп алып кетіп, өркендетеді. Негізсіз тексеру, кәсібіне кедергі келтіру атымен болмауы қажет. Құжаттық кедергіден арылайық. Бір сөзбен айтқанда, осы аталған ой-пікірлер көптен бері бұқараның базынасы еді. Біз соның бірпарасын айттық. Айтылған ойлар жүзеге асса, дамудың даңғыл жолына түстік деген сөз.

Әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ӘЛЕУМЕТТІК МЕКЕМЕ

ҮМІТ СЫЙЛАҒАН ҮЙ

алты мыңнан астам сәбиді жетімдіктен құтқарды

Ана болу – үлкен бақыт. Ол армандардың асылы, есеу, сезіну, өзің үшін ғана емес, өзге үшін жауапкершілік арқалау... Дәл осылай десек те, кейде жолы жіңішке қыз тағдыры бұралаң.

«Қызға қырық үйден тыйым, қала берді қара құлдан тыйым» деп абыройын барынша биік ұстап өсірген қыздардың да жолынан «адасып» кететін шағы болады екен. Ондайда не істемек керек? Адаққанға түсетін түзу жол бар ма?! Бүгінгі әңгіме осы.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫҚОҒАМҒА ПАЙДАСЫ
ЗОР ОРТАЛЫҚ

«Қыз тағдыры – ел тағдыры». «Қыз бала – ертеңгі ұлттың анасы» дейтін қоғам тағдыры шарасыздыққа тап болған жандарға да бейжай қарамайды екен. Үміт етсе, қиналғанға шығар жол қашанда табылады. Ол жұдырықтай жүрегі жараланса да, құшағындағы сәбиімен бас сауғалайтын бір мекен – «АНА үйі» қоғамдық қоры дағдарыс орталығы.

Деректерге көз жүгіртсек, қазіргі таңда еліміздің 18 қаласында 21 «АНА үйі» бар екен. Солардың екеуі Астанада, үшеуі Алматыда орналасқан. Мамандардың айтуынша, жоба 2014 жылдан бастап ҚР барлық өңірлерінде белсенді жұмыс істей бастаған. Бүгінге дейін орталық қиын жағдайда қалған 69% ананың баласынан бас тартуына тосқауыл болып, бейкүнә сәбилердің Балалар үйіне өтіп кетпеуіне себепші болды. Нәтижесінде еліміздегі Жетімдер үйіндегі тастандылардың саны 2013 жылдан 2016 жылға дейін 26,8%-ға қысқарған. Бүгінде 5991 сәби Балалар үйінің тәрбиеленушісі, яғни жетім бала атанбай, өз аналарының аялы алақанын сезініп өсіп жатыр. Ал 2021 жылдың шілдесінен бастап ресурстық орталықтың көмегімен 406 бала өз отбасыларына оралған.

Алғашқы «АНА үйі» Алматыда 2013 жылдың мамыр айында ашылған. Содан бері қаладағы орталықтардан мыңнан астам ана мен бала қамқорлық алған. Тастанды балалардың санын азайтып, қиын жағдайларда қалған жас аналарға қолшұын беруді мақсат тұтқан орталыққа биыл 10 жыл толыпты.

Бүгінде Алматыдағы №1 ресурстық орталықтың жұмысын Аминат Джаппуева, №2 «Ана үйінің» жұмысын Майра Тұрсынбаева, №3 «Ана үйін» Манат Кисетова үйлестіріп отыр.

Алматыдағы №2 «АНА үйі» ресурстық орталығының координаторы Аминат Джаппуеваның айтуынша, орталық он жыл ішінде Қазақстан бойынша жалпы саны алты мыңнан аса, Алматы қаласынан мыңнан аса ана мен балаға көмек берген.

– «АНА үйі» ашылған күннен бастап барлық медициналық мекемелермен, перзентханалармен, қалалық әкімдіктермен, заң органдарымен тығыз байланыс орнатып, жұмыс істеп келеді. Бұл жерді негізінен албырт сезімнің жетегімен жүкті болып қалған жас аналар паналайды. Біздің мақсатымыз – тығырыққа тірелген жанға үміт сыйлай отырып, жетім балалардың санын азайту, аналарға қолдау көрсету, – дейді А.Джаппуева.

ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ ЖАЙ ЖОЛ ЕМЕС

Иә, ешкім шалт басып, өмірімді бүлдірем деп ойламайды. Қыздарымыз бойжетіп, мектеп бітірген соң арманына қанат байлап алып, үлкен-үлкен қалаларға оқуға кетеді. Біріне студент атану бұйырса, екіншісі жолы болмаған соң, қала тіршілігімен етене араласу үшін жұмысқа орналасады. Алайда, олар ақырын жүріп анық баспасаң, алып қалалар ешкімді аямайтынын біле бермейді. Көпшілігі осы тұста шалт басып, сүрініп жатады. Осылайша баянсыз махаббаттың құрбанына айналады. Жаза басқанын екеңшесіне айтуға жасқанған қыздар баласын саналы түрде, перзентханаға, егер ол жер қабылдамаса қоқысқа тастап кетіп жатады. Ең сорақысы, тағдырдың бар тауқыметін жаңа ғана өмір есігін ашқан бейкүнә сәби тартады. Осылайша ана алақанының жылуын сезінбей өскен сәби, тастанды баланың қатарын тағы біреуге көбейтеді. Айта берсек,



«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ:

Қазір еліміздің 18 қаласында 21 «Аналар үйі» бар. Соның алғашқысы 2013 жылы белгілі бизнесмен Айдын Рақымбаев пен жұбайы Анар Амангелдіқызының бастамасымен Астанада ашылды. Республика бойынша аталған үйлерді бүгінге дейін алты мыңнан астам ана паналапты.



№2 «АНА үйі» ресурстық орталығының координаторы Аминат Джаппуева.



№1 «Ана үйі» ресурстық орталығының координаторы Майра Тұрсынбаева.



№1 «Ана үйі» ресурстық орталығының психологі Майгүл Бағыбаева.

мұндай мысал көп. Ең өкініштісі, олардың тағдыры шын мәнінде ешкімді алаңдатып жатқан жоқ.

Міне, осындай шарасыздықтың күйін кешіп, әлі мамандық алып үлгермеген, баспанасы жоқ, табыс таппайтын жас ана баласын құшақтап «АНА үйіне» барады. Алғаш ашылған №1 «Ана үйі» ресурстық орталықтың координаторы Майра Тұрсынбаева: «Біздің мақсатымыз – аналар үйін көбейту емес, керісінше, мұндай үйлердің болмауын қалаймыз. Бүгінге дейін олардың салдарымен күресіп келсек, енді оның себебімен жұмыс жасап жатырмыз», – дейді. Үйлестіруші маман орталықта бұрын аналардың екі жылға дейін тұруына рұқсат болғанын, кейіннен бір жарым жылға, одан кейін бір жылға қысқарғанын айтады. Ал қазір алты айға дейін ғана рұқсат бар дейді ол әңгіме барысында.

– Аналар үйінде өмірлік қиын жағдайларға душар болған, барар жер, басар тауы қалмаған аналар келеді. Әрине, қиын кезде демеп жіберу – біздің басты міндетіміз. Бірақ біз олардың «дайын асқа тік қасық» болуын қалаймыз. Өйткені, адам жақсыға, жеңіл нәрсеге тез үйренеді. Сондықтан тезірек өмірге бейімделіп, қиындықпен күресуге, өз мәселесін өзі шешіп үйретуге тырысамыз. Әйтпесе, жылы жерге бауыр басып қалған адам, мұнда көп уақытын жоғалтып алуы мүмкін. «АНА үйі» оларға алты ай ішінде тездетіп ресурс тауып, мүмкіндігіне қарай жұмысқа орналастырып, тіпті, әлеуметтік қажеттіліктері бойынша қайта оқытуға күш салып жатырмыз, – дейді Майра Өмірзаққызы.

Маманның айтуынша, мұндағы аналар қазіргі уақытта сұранысқа ие дизайнер, шаштараз, тырнақ жасайтын маман, тігінші, аспаз

сынды мамандықтарды игеруіне мүмкіндіктері зор. Бүгінгі күнге дейін «Аналар үйіндегі» қыздардың 70%-ы өмірден өз орнын тапқан.

ЕСТЕЛІГІ КӨП ЕҢБЕК

Жуырда біз Алматыдағы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде ұйымдастырылған «АНА үйі» қоғамдық қоры ресурстық орталығының 10 жылдық мерейтойына арналған «Ана болу бақыты» атты «Дөңгелек үстелге» қатыстық.

Басқосуда №2 ресурстық орталығының координаторы Аминат Джаппуева бүгінгі күнге дейін орталықтың атқарған жұмыстары жөнінде есеп бере келіп, орталық жайындағы қызығы мен қиындығы мол күндерден естеліктер айтты. Жиынға аталмыш жоғары оқу орнының оқытушылары мен құқық қорғау органдарының, түрлі әлеуметтік үйлер мамандарымен бірге, студент қыздар да қатысты. Іс-шара барысында орталықтың қолдауы мен қамқорлығын көріп, бүгінде бақытты жандардың қатарын толықтырып жүрген табысты аналар да төбе көрсетті. Олар осы күнге қалай жеткені жайындағы оқиғаларымен бөлісіп, көпшілікке өткен өмірлерінен әсерге толы естеліктер айтты. Одан кейін орталықпен тығыз байланыста жұмыс істеген мамандарға мақтау қағаздары мен Алғыс хаттар табыс етілді. Табысқа қол жеткізген аналарға бағалы сыйлықтар үлестірілді.

ЖАРАЛЫ ЖАНЫМДЫ ЕМДЕДІ

«АНА үйі» жас аналардың үміт отын үзбей, қолтығынан демеп жіберуге көмектеседі. Жағдайын сәл де болса түзеп, өз қолы өз аузына жеткенше қамқорлық танытады. Ор-

талықты паналаған аналар осы уақыттың ішінде өзі үшін, өзегін жарып шыққан перзенті үшін өмірге қайта келеді. Солардың бірі – Аружан есімді бойжеткен. Ол бүгінде бақытты ана, бірнеше адамды жұмыспен қамтып отырған жеке кәсіпкер. «Дөңгелек үстелге» қатысқан Аружан орталық мамандарына жүрекжарды лебізі мен алғысын білдіріп, былай деді:

– Мен балалар үйінде тәрбиеленгенмін. Құрсағым шараңа біткенде жігітім отбасымен таныстырмақ болды. Бірақ мені жігітімнің ата-анасы «жетімсің» деп қабылдамады. Кайтейін, жанарым жасқа толды да, қала бердім. Түнерген түн артынан арайлап таң шығатынын осы «АНА үйіне» келгеннен кейін түсіндім. Талай түнімді жылап жатып өткіздім. Сол кезде басыңа түскен қиындықтың өтетінін, ертең-ақ бәрі ұмыт болатынын айтып, жаралы жанымды емдеген Сіздерге мың алғыс. Расымен бәріне уақыт емші екен. Мен бүгінде есейіп, ақыл тоқтатқан, бақытты анамын. Себебі, менің құшағымда ешқандай бақытпен өлшенбейтін балам бар. Менің ана атануыма себепші болған мекенге басымды иіп тұрып, алғыс айтамын. Қызымды осы жерде босандым. Бейкүнә сәбиімнің ешқандай кінәсі жоқ екенін білемін. Бірақ өзімнің қате шешім қабылдап, некеге тұрмай жатып құрсақ көтергеніме өкінемін. Қазір менің жағдайым жақсы. Қызым қызғалдақтай құлпырып өсіп келеді. 6-сыныпта оқиды. Оқу үлгерімі де жаман емес. Спорттық жарыстарда жүлделі орындарды иеленіп жүр. Жақында жарысқа қатысу үшін шетелге ұшады. Өзім шағын кәсіппен айналысамын, екі-үш адамды жұмыспен қамтып отырмын. Бүгін, міне, Сіздердің алдарыңызда жетістіктеріммен бөлісіп, сөйлеп тұрғаным ол «АНА үйінің» арқасы. Сіздерге болашағымға үміт сыйлағандарыңыз үшін алғыс айтамын. Мен бұл жақсылықтарыңызды ешқашан ұмытпаймын, – дейді көңілі толққан жас кәсіпкер-ана (кейіпкердің есімі өзінің өтініші бойынша өзгертіліп алынды – авт.).

АНАЛАРМЕН БАЙЛАНЫС
ҮЗІЛМЕЙДІ

– Қоғамда мұндай көріністердің белең алуы ата-ана мен баланың арасында сенімді байланыстың болмауынан туындайды. Себебі, ата-ана таңнан кешке дейін күйбең тіршіліктің қамымен сыртта жүреді де, баланың өмірінде қандай жаңалық болып жатқанынан хабарсыз болады. Бұл кез келген жан үшін отбасындағы тәрбиенің орнының бөлек екенін көрсетсе керек. Ата-ана үшін баладан қымбат ештеңе жоқ. Өкінішке қарай, көптеген ата-ана мұны түсінбейді. Өмірде сүрініп кетіп, бүлініп жүрген тағдыр иелерінің басымы көпшілігі дәл осы отбасындағы тәрбиенің осалдығынан қиын жағдайларға тап болады, – дейді №1 «АНА үйі» ресурстық орталығының психологі Майгүл Бағыбаева.

Бүгінде «Аналар үйіне» келушілерге жас шектеуі қойылмайды. Алғаш ашылған жылдары бір жарым жасқа дейінгі баласы бар, отыз жасқа дейінгі және ай-күні жақындаған аналарды қабылдаған болса, қазір олардың жасы ұлғайған. Қырықтан асқан әйелдерді де қабылдауға мәжбүр. Тіпті бұл орталыққа барар жері, басар тауы болмаған соң, өздері тауып келетіндер де бар. Өйткені, мұнда баспана, тамақ, балалардың жергеіне дейін тегін.

Орталық мамандары кейін бұл жерден кеткен күннің өзінде аналармен байланыс үзілмейді. Өмірден орындарын тапқандары келіп, өздерінің ақылдарын айтып тұрады дейді олар.

Қазіргі таңда Алматыдағы «Ана үйінде» құшағында кішкентай сәби бар 14 ана тұрып жатыр. Олар орталықта әрі кеткенде бір жыл, кемі үш ай паналайды. Мамандар мұндағы аналардың 80%-ы отбасын құрып, тең жартысынан астамы жұмысқа орналасып, өмірге бейімделіп кететінін айтады. Әлбетте, ешкім қыз тағдырының бұлай болғанын қаламайды. Алайда, дәл осындай шарасыз күйге түссе ше... Бүгінгі мақаламыздағы біздің айтпағымыз, орталықтың көптігі емес, керісінше, сол орталықтың тағдыры тәлкекке түскен жандарға көмек қолын созып, оларды қанаттандырып жіберген еңбектерін бағалау, көпшілікке жеткізу. Өйткені, орталық сәбиінен бас тартқан қаншама ананы райынан қайтарып, балаларын бауырына алуға себепші болған.

Міне, түрлі тағдырларды тоғыстырып, жаны жаралы жанға үміт сыйлаған үйдің бүгінгі жайы, осындай. Бұл әрине, мекеме қызметкерлерінің айтып ауыз жеткізгісіз жеңісі һәм еңбегі!



ЖОЛ ЕРЕЖЕСІ



24 МОТОЦИКЛ айыппұл тұрағына қойылды

Қала көшелерінде жүйткіп жүрген қосдөңгелекті көліктің бұл түрі қазір бұрынғыдан да көбейді. Бірақ олардың барлығы жол ережесін сақтайды деп айту қиын.

Осыған орай, Алматының жергілікті полиция қызметі мобильді және мотокөлік жүргізушілерінің құқық бұзушылығының жолын кесу мақсатында жедел алдын алу іс-шараларын жүргізіп жатыр.

Полиция департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, 25 наурыздан бері қала жолдарында мотоцикл жүргізушілеріне қатысты тексеру жүргізілген. Нәтижесінде жол қозғалысы ережесін бұзған 173 дерек анықталып, 24 мотоцикл мамандандырылған айыппұл тұрағына қойылған.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

НЕ БАЙҚАДЫҢИЗ?

БІЗ ДЕ ӨРКЕНИЕТКЕ ІЛЕСІП КЕЛЕМІЗ

қоғамдық әжетханалар әжетке жарап тұр

Күнде таңертең жұмысқа жету үшін Абай мен Сейфуллин даңғылдарының қиылысынан түсемін. Сосын Абайдан төмен қарай Амангелді көшесін бетке аламын. Дәл сол тұста WC, яғни қоғамдық әжетхана тұр. Сырты жып-жинақы. 50 теңгемен кіресіз. Адам көп болмаса да, кіріп-шығып жататыны байқаймын.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Сәл шегініс. Өткенде осы WC алдынан бір жігіт тоқтатты, жанында келіншегі бар. Қолындағы ұсақ тиындарын көрсетіп, «апай, мынаны тұтас 50 теңге қылып бересіз бе, мында салайын десем, қабылдай ма, қабылдаса жұтып қойып, бұған да зар болып қалармыз деп тұрғанымыз» деп жымыды. Қазір ақшамызды бәріміз де әмиянда емес, ұялы телефонда «ұстаймыз» ғой, көмек бере алмағаным үшін қиналыңқырап қалдым. Асығыс едім, сонда да болса алдымнан шыққан бойжеткеннен «тұтас 50 теңгелік бар ма, керек болып тұрғаны» деп сұрап үлгердім. Онда да ұсақ тиындар екен.

Бүгін журналистік әуестікпен қоғамдық әжетхананың жанына таядым. Бір кісі есік алдындағы жетон салатын тесікке 50 теңгелікті салып кеп жіберіп еді, сәлден соң есігі ашылды. Ал екінші есігінен бір жастау келіншек шығып келе жатты. Менің жас балаша аңтарылып қарап тұрғанымды байқап, сәл аялдады. Маған жөн сілтегісі келген сыңайын байқадым.

– Мында 50 теңгелікті ғана салу керек пе екен, әлде ұсақ тиындар да бола ма? – дедім өткен жолғы оқиға есіме түсіп.

– Білмеймін. Мен әйтеуір бүтін 50 теңге салдым, – деген жүзі жылы келіншек мені қоғамдық әжетханаға кіруге тиыны жоқ деп ойлап қалған сияқты.

– Алыңыз, менде 50 теңге бар.

– Рахмет ниетіңізге! Жай, іші қандай екен, адамдарға қолайлы болар деп ойлап тұрғаным. Сырттан келетін туристер де біздің де заманауи көштен қалып жатпағанымызды көрсейміз ғой, – дедім күліп.

– Иә, апай, іші кірген адамға ыңғайлы екен, пойыз вагоны секілді. Баланы жөргектеп алуға да жағдай жасалған. Мүгедек адамдарға да қолайлы. Тап-таза, – деді күліп.



Суретті түсірген АВТОР.

Тұрғындар берген баға – нағыз баға. Жасыратыны жоқ, шаһардағы осы қоғамдық әжетхана мәселесі былтырлары біраз уақыт сынға ұшырап келген болатын. Тұрғындар шағымы біразға дейін басылмағаны да есімізде. Шынтауытына келгенде, бұл қоғамдық әжетханаларды санитарлық-гигиеналық тұрғыда ұстап тұру үшін де қыруар қаржы бөлінеді.

Жалпы, кісі аяғы көп жүретін орындарда қоғамдық әжетханалардың болуы міндетті. Оның өзі өркениет көшінен қалмай, лайықты өмір сүрудің бір белгісі десек те қателеспеспіз.

Өркениет демекші, технологиясы тым қарқынды дамып кеткен Жапониядағы қоғамдық әжетханаларға тегін кіресіз. Мұнда әрбір үлкен қалада, тіпті шалғай аймақтарда да тегін қоғамдық дәретхана кездестіруге болады екен. Сондай-ақ, суық күндері жылуы бар, тіпті музыка ойнап тұрады деседі білетіндер. Суының өзі автоматты түрде ағып кетеді. Бұл елде 1985 жылдан бері жыл сайын «ең үздік қоғамдық дәретхана» байқауы өткізіліп келеді. Ал испандықтар болса, дәрет сындыру үшін ақша алуды сұмдық деп есептейді. Егер жақын жерде қоғамдық дәретхана болмаса, онда жолай кезіккен дәмхана немесе кафенің дәретханасын тегін пайдалана аласыз. Солай.

Біз де өркениет көшінен қалмай, ілесіп келеміз. Қазір Алматыдағы 20-дан астам қоғамдық әжетхананы 2ГИС қосымшасы арқылы көруге болады.

ЭКОЛОГИЯ

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК – ЖЕРДІҢ КӨРКІ

Көгалдандыру жұмыстарына әрбір адам мүдделі болса дейміз



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Қазір көктемнің бел ортасындамыз. Қоңыржай континенттік белдеуде өмір сүреміз. Аяз – 400 болса, аптап ыстықта +400-тан да асады. Еліміздің оңтүстік және батысында 100–300 миллиметр шамасында жауын-шашын түседі. Ал шығыс Алтайда 1600 миллиметр көлемде жаңбыр жауады. Еуропа мен Азия жалғап жатқан алтын көпір. Осындай байтақ кең жазираны жасыл желекпен көмкеру міндеті тұр. Осыған барынша ыждағатты құлшыныспен кірісек, тындырымды іс бітеді. Кез келген өлкені жасыл алқапқа айналдыра аламыз. Ол өз қолымызда. Талап болса, қалған шаруа рет ретімен шешілері анық.

Климатқа бейімделген көшеттер керек

Жасыл желекті қалыптастыру аса қиын болмаса керек. Мүмкіндігінше жер жағдайын бағамдап іс қылу керек екен. Мамандардың айтуынша, әр өңірдің климатына бейімделген көшеттерді отырғызған жөн.

Осыдан біраз бұрын ауыл жаққа жол түсті. Сөйтіп, Қызылорда қаласына бет бұрдық. Шаһарға кіреберіс тасжолдың екі жағы әжептәуір көгалға айналды. Баяғы бетегедей көшеттер бой көтеріпті. Тәп-тәуір өң беріп тұр. Одан кейін әуежайға шығатын тұстарда кішігірім көгалға айналды. Бәрінің түбіне арықпен су жеткен. Арнайы суғарылатын әдіс-тәсілдері қарастырылыпты. Негізгі Сыр бойы аңызак желдің өтінде, өте қатты ыстық күннің астында орналасқан. Жері құмдауыт. Сондықтан ол жақта «тораңғыл», «қарағаш», «ешкіл тал», «жиде», «жыңғыл», «сексеуіл» өседі. Сондай ауа райына бейімделген өсімдіктер қашанда тез өседі. Тіпті тартылған Аралдың табанына сексеуіл егеді. Сондықтан болар, құм көшіп, тұз ұшудың бетін қайтарып тұр. Бұл да болса адам еңбегінің нәтижесі болса керек-ті.

Ағаш отырғызу үлкен сауапты іс. Қазақстан аумағының 4–5%-ында ғана орман өседі. Қалғаны шөл, шөлейт, ұсақ шоқылы тау, басым бөлігі ен дала. Отанды иран бағына айналдыру өз қолымызда.



«Бір тал кессең, он тал ек»

Қазір халықтың саны артып барады. Яки таза ауа тұтынушылар қатары артты. Бәріне таза саф ауа қажет. Сол үшін де әр көктемде ағаш отырғызу керек. Кемінде жылына 10 тал ексек пайдалы іс болар еді.

Түркістан өңірінің жері құнарлы ғой. Студенттік шақты сонда өткердік. Шиелімен арасы 200 шақырым қашықтықта. Өсіресе, Жаңақорғаннан кейін жер ерте көктемде жайқала бастайды. Мамыр айында жер беті құдды бір түрлі-түсті кілем жайып қойғандай көздің жауын алады. Қызғалдақ, сарғалдақ, бәйшешек, бақ-бақтың неше түрлісі құлпырады. Өзінше бір ғажап көрініс дерсіз. Табиғаттың тылсым күшімен жаратыл-

ғандары өзінше бір әңгіме. Оның шежіресін таңды таңға ұрып айтуға болады. Ал осыны өз ауласында жайнататындарға қайран қаламыз.

Менің атамның ағасы мен жеңгесі болды. Бала кезімізде жыл сайын көктемде қора-қопсыны тазалайтын. Алғаштардың түбін ақтап, қопсытатын. Күрекпен жер аударатын. Қиды аямай егістікке төгетін. Содан кейін егін-тегін, жеміс-жидек мол өнім беретін. Нағыз бағбандар еді. Жұрттың есік алды қаңырап бос тұрса, олардың үйінің айналасы бау-бақша-тұғын. Осылайша жыл сайын жұртқа көшет өсіруге жәрдемдесетін. Жолын түсіндіретін. Игі істен құр қалмайтын. Дәу аталардан көріп талайлар тал егуді әдетке айналдырды. Өздері өмірден озған соң әлгі

ағаштардың күтімі болмады. Самсап, майысып салып тұратын жүзім, шабдалы, қараөрік, шиенен дым қалмады. Сонда біз әр істің өз шебері болуы керек екен деп түсіндік.

Әркім өз ауласында ағаш отырғызу қажет

Бүгінде экологиялық жағдай алаңдатады. Таза ауаға мұқтаждық бар. Кейде жөңсіз кесілген ағаштарды көріп, көңіл құлазиды. Ағаш дегеніміз оттегі бөлуші. Оның орнын ешбір нәрсесі баса алмайды. Ал біз соны әлі түсінбей келеміз.

Бейресми дерек бойынша, Алматының ағаштары 700 мың адамға оттегі бөлуге қауқарлы екен. Бүгінгі есеп бойынша халық саны 2-3 есе көп. Одан кейін күнделікті қалаға кіріп шығатын көліктерді есептеңіз. Әрбір түтін, ауаны улайды. Оның үстіне қаланы 3 жағынан тау қоршап жатыр. Яғни аңызак жел соқпайды. Бірақ Алатаудың басындағы ақ қар, жасыл желек ауаны жақсартуға септеседі. Дегенмен, бұл аз. Көптеген тұрғын үйлер салынууда. Жалпы айтпағымыз біреу. Алып мегаполистерде үлкен саябақтар шоғыры көп болады. Субұрпақтар ылғалды сақтайды. Ең бастысы, ескірген ағаштар оталады. Орнына жаңасы отырғызылады. Сонда ғана тепе-теңдік сақталады. Осыған әрбір адам мүдделі болса дейміз.

Өзіміз өмір сүріп отырған аумақтың экологиялық тазалығы тікелей өзімізге байланысты. Сондықтан әркім өз ауласында ағаш отырғызуды әдетке айналдырса екен.

P.S.

Қоршаған орта адам үшін қолайлы болуы қажет. Болашақ ұрпаққа аман-есен аманаттау маңызды. Сол себепті, тал егіп, жасыл желекті қалыптастыра берейік.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Жуырда әлеуметтік медиада төбе шашыңызды тік тұрғы-зар видеолар тарады. Оны бастан-аяқ көріп шығу үшін жүрек керек. Көп адамның бөліскені соншалық, әлеу-желіні ашқан сайын сол видеолардан көз сүрінді.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Біріндегі, бір қыздың екіншісін аяусыз жұдырықтап, теуіп, одан қалды шешіндіріп жатқан оқиға Шығыс Қазақстан облысында болған. Ал екіншісіндегі, бірнеше жасөспірімнің жерде ес-түссіз жатқан бозбаланы «ұйықта» деп қойып екілене бет-аузынан тепкілеп жатқан қатыгез көрініс Қызылорда облысында болған. Иә, бұл жерге, облысқа бөлінетін мәселе емес, ұлтқа келген қасірет! Бәрімізге қағылған дабыл!

О заман да, бұ заман, қыздардың төбелескенін кім көрген?! Ал қазір бойжеткендер жұлысып, шаштасатын болған. Және онысын мақтан етіп видеоға түсіріп тұруды да ар көрмейді. Ұлдарымыздың тірлігі кешегі, өлімші етіп тепкілеп, жалғыз тастап кете барған таныстары реанимацияда жатыр бүгінде.

Неден қателік жібердік? Неге бұлай болды? Осының алдында да осыған ұқсас оқиғалар әлеуметтік желіде жиі көрініс беріп жүрді. Әлде талап, заң осал ма? Әлгі жуан жұдырықты балалардың ішіндегі біреуінің әкесі органда істеген деген әңгіме шықты. Әлде бала сонысын арқалана ма?

Бір қызығы, реанимацияда жатқан баланы алғашында құқық қорғау органдары «саябақта тайып жығылған» деген ақпарат таратқан-ды. Кейін видео әлеуметіге тарап кеткен соң, іс қозғалып отыр. «Құлап жарақат алған бала» мен «төбелесте оңбай соққы алған оқушының» жағдайын «ажырата» алмау да үлкен қателік әрі сын. Қоғамда үлкен резонанс туғандықтан, бұл оқиғаға жергілікті жердің тиісті органдары ел алдына шығып, баспасөз мәслихатын өткізді. Сол оқиғаға орай бірқатар лауазымды тұлғаның қызметінен босатылғаны да белгілі болды. Бірақ онымен мәселе түбегейлі шешіле ме? Психологиялық, моральдық һәм физикалық соққы алған қыз да, ұл да енді қандай күйде болмақ? Ата-анасы қандай жағдайда?

Біздің арамызда, өкінішке қарай, «мұғалім не қарап отыр, баламызды мектепте жүр деп отырмыз ғой» деген көзқарастағы ата-аналар да аз емес. Сөйтіп, барлық жауапкершілікті ұстаздарға артып қойғымыз келеді. Ал өзіміз жұмысбастылығымызды, сол баланы асыраудың қамымен жүргенімізді сылтауратамыз. Жұмысқа ерте кетіп, кеш келеміз. Баламның көйлегі көк, тамағы тоқ қой бастысы дейміз. Ал тәрбиесі ше? Оның жүрген ортасы қандай, кімдермен дос, қайда жүр, қайдан келді? Бұл сауалдарға бас ауыртқысы келмейтін ата-аналар да жоқ емес. Бас ауыртқанмен де, ие бермейтін балалар өсіп келеді. Себебі, тәрбиенің шегесі о баста босап кеткен. Тіпті, мектептегі ата-аналары жиналысына да санаулы ғана адамдар баратынымыз өтірік емес. Көбіміз тағы да сол жұмыстамыз.

АРДАГЕРЛЕР АРАМЫЗДА

«ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕН
ТЫС ҚАЛМАЙМЫЗ»

Алмалы аудандық «Ұстаз» кәсіподағы басшылығы білім саласының ардагер қызметкерлерімен жиі кездесу ұйымдастырып отырады. Ұзақ жылғы озық педагогикалық тәжірибесі бар зейнеткерлердің айтары да, берері де мол.

Рая
ЕСКЕНДІР

Сондықтан бұл жолғы кездесу барысында да бар саналы ғұмырын

еліміздің білім саласының дамуы жолына арнаған зейнеткерлер өздерінің әлі де тың екенін, ұрпақ тәрбиесінен тыс қалмайтынын көрсетті.

«ТЕНТЕГІМІЗДІ»
ҚАЛАЙ ТҮЗЕЙМІЗ?

немесе отбасындағы әке рөлін көтеруіміз керек



Сенің балаң өзгеге емес, өзіңе керек бірінші кезекте. Сондықтан кіммен, қайда, не істеп жүргенін үнемі қадағалап отыруға тиіспіз. Әйтпесе, қазіргі күні бәрін мектепте артып қоятындар көбейген.

Дауылпаз ҚАРАЖАН,
зейнеткер:

– Кеіше әлеуметтік желіден бір пікірлерді оқып қалдым. Оқушылар арасында ауызашаарға бару үрдіске айналып барады депті. Олар үйді-үйіне тараймыз дегенше түн жарымы болады. Сөйтіп жүргенде, бұзықтары бір-бірімен ілініседі. Төбелес, ересі сондайdan басталады. Жиналып мешітке тарауыққа баруды сәнге айналдырды дегенді де көзім шалды. Сол оқушылардың көбі намаз оқымайды, мәнін де білмейді, дүрмекпен барады, одан шыққасын тарамай тағы жүреді депті. Меніңше, бала мешітке ата-анасымен барғаны дұрыс. Олар қазір дәл еліктегі жаста жүр. Онсыз да қыз-қыз қайнап тұрған заманда дінмен уланбаса екен деген тілегім бар. Ілім-білім қуса деймін.

Қайдар ЖАНАЙДАР,
құрылысшы:

– Үйдегі ата-ана тәрбиесінен бөлек, ұстаздардың бақылауын да күшейткен дұрыс. Бұрын біздің кезімізде тәрбие «завучтары» тек ер адамдар болатын. Олар керек жерінде ұлдардың құлағын «бұрап-бұрап», оңдырмай «сойып», маңдайынан «шертіп-шертіп» алатын. Онысы үшін «сен сөйттің» деп бір ата-ана келіп шағым айтпайтын, одан ешкім жаман да болған жоқ. Қазір «еті сенікі, сүйегі менікі» дейтін ата-ана жоқ. Сосын, бүгінде мектепте ер мұғалімдер аз. Ал бүгінгі тентек, сотқарлар, бір-бір үйдің еркесі әйел баласынан ыға қояр дейсіз бе?!

Жансая ӘРСЕНҚЫЗЫ,
көпбалалы ана:

– Сабағы бітіп, үйіне қайтқан балаға ата-анасы жауапты. Мектептен тыс уақытта баласына ие бола алмаған әке-шешені жауапқа тарту керек. Баласы түн жарымына дейін дала кезетін оқушылардың ата-анасына көлемді айыппұл салған дұрыс деп ойлаймын. Әйтпесе, біреудің баласы үшін мұғалімдер мен полицейлердің рейд деп түнімен көше аңдып жүргені жүрген. Менің ұстанымым – отбасындағы әкенің, ата-әженің рөлін күшейту керек. Шешеміздің «Әкеңе айтам!» деген бір ауыз сөзінде соншама сес, салмақ жататын баяғыда. Сол қазақы тәрбиені қайта қолға алуымыз керек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәрсен МҰСАҰЛЫ,
қала тұрғыны:

– Осы оқиғалардан кейін бәрі түнгі рейд жүргізіп кетті. Меніңше, қоғамды шошытқан бұл жайттар жастарды әлеуметтендіру бағытындағы іс-шаралардың жеткіліксіздігін, тәрбие жұмыстары тек есеп беру үшін өткізілетіндігін тағы бір көрсетіп бергендей. Үнемі болары болып, бояуы сіңген кезде, оқиганың салдарымен күресеміз де жүреміз. Ұят.

Салтанат АЙДАРАЛЫ,
тігінші:

– Жалпы, өмір болғасын, қызуқанды жастар арасында түрлі кикілжіңнің орын алатыны сөзсіз. Бірақ соны неге жұдырықпен, асқан қатыгездікпен шешуді әдетке айналдырып барамыз? Мұндай жағдайда ең бірінші ата-ана жауапты болуы керек деп ойлаймын. Отбасы институты мықты болуға тиіс. Болды, басқа әңгімелер артық. Әр шаңырақтан шыққан бала қандай болса, жүрген ортасы да сондай болады. Жақсы адам етіп шығару өз қолымызда.

«JASSKILLS 2023»

Жастар мамандық алса

Алматыда кәсіби шеберлік чемпионаты өтті

Мектеп оқушылары мен колледж студенттерінің қатысуымен өткен «Техникалық және кәсіптік білім берудің беделі» атты онкүндікке әр ауданнан 160 оқушы қатысты. Тігін фабрикалары, өндірістік және жиһаз компаниялары, киностудиялар, тамақтану және өсімдік шаруашылығы саласындағы ұйымдар да болды.

Сондай-ақ, онкүндік барысында 9-сынып оқушылары арасында алғаш рет «JasSkills 2023» қалалық кәсіби шеберлік чемпионаты өтті.

Оқушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту және ерте кәсіптік бағдар беру мақсатында «Болашақ біз үшін» атты ғылыми жобалар конкурсы, көлік техникасы, энергетика, құрылыс, сервистік қызмет көрсету және тағы басқа мамандықтар бойынша байқаулар өтті. 9-сынып оқушылары мен колледж студенттері арасында футбол мен волейболдан өткен шағын чемпионат та онкүндіктің қызықты өтуіне оң әсерін тигізді.

Сонымен қатар, 9-сынып оқушылары мен колледждердің 1-курс студенттері арасында «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында қызықты КТК ұйымдастырылды. Дәл осы күні колледждің дарынды түлектері сегіз мектепте болып, 9-сынып оқушыларымен кездесті.

Кездесу барысында колледжді бітірген түлектер өздерінің қол жеткізген табыстары мен өз бизнестерін ашу жолында кездескен қиындықтары туралы да әңгімелеп, тәжірибелерін ортаға салды. Сонымен қатар, колледж директорлары мен мектеп басшыларының қатысуымен «Білім сабақтастығы» атты «дөңгелек үстел» мен «Академиялық дербестік» тақырыбында кездесу өтті.

Қалалық әкімшіліктің ұйымдастыруымен қолға алынып отырған ісшараның негізгі мақсаты – жастар арасындағы жұмыссыздықты азайтып, олардың қандай да бір мамандықты игеріп шығуына мұрындық болу.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



● БІЛГЕНІҢІЗ ЖӨН

Қаладағы кез келген тамақтанатын орындардың көрсетілетін қызмет үшін 10–15 пайыздық үстемақы алатыны бар. Кейбір қымбат мейрамханалар одан да көп пайыздық ақы сұрайды. Ол жердегі қызмет көрсету ұнасын, ұнама-сын тұтынушы тараптардан сұрап жатпайды. Тапсырыс берген ас–судан бөлек, даяшы көрсеткен қызмет үшін алынатын алым тұтынушы құқығына қайшы. Бірақ мұны көпшілігі біле бермейді. Соңғы кездері осы мәселе қоғамда көп дау туғызып жүр. Негізі азаматтар дәмхана немесе мейрамханалардағы бұл қызмет ақысын төлемесе де болады.

Еліміздің заң жүйесінде даяшының қызметі үшін тұтынушы тұлғаның тапсырыстан бөлек қосымша ақы төлеуіне ешқандай міндет жүктелмеген. Яғни өз құқығыңызды пайдаланып, пайыздық заңсыз ақыны төлеуден бас тартсаңыз, заң алдында ұтылмайтыныңыз анық. Сізді сотқа беретіндей еш негіз де жоқ.

Тұтынушы дәмхана-мейрамханадағы қызметке үстемақы төлеп, бірақ қызмет сапасы көңіл көншітпесе, онда ол мекемені сотқа бере алады. Елдегі Сауда және интеграция министрлігіне қарасты Тұтынушылардың құқығын қорғау комитеті тұтынушыларға қызмет көрсететін даяшының жұмыс ақысын дәмхана немесе мейрамхана әкімшілігінің өзі төлеуге тиіс екенін мәлімдепті. Мәселен, мейрамхана әкімшілігі тұтынушының тамаққа не суға тапсырысын алып, оны дайындаумен айналысатын аспаздың да қызмет ақысын өз мойнына алады. Демек, даяшының да қызметін өз міндетіне алуы керек. Бірақ тамақтану мекемесі тұтынушыға қосымша қызмет ақысы қосылатынын ескертуге тиіс. Мәзірде немесе басқа жерде ескертіп жазып қоюы міндетті. Бұл туралы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның 25-бабы 1-тармағының 2-тармақшасында келтірілген. Аталмыш заңда «қызмет көрсетуші тұтынушыға ұсынылатын қызметтің түрлері, ерекшеліктері туралы барлық ақпаратты беруге міндетті» деп анық жазылған. Тұтынушы тапсырыс берместен бұрын, қызмет туралы толық біліп алғаны жөн. Көрсетілген қызмет үшін қосылатын 10 пайыздық төлем алдын ала ескертілмесе, даулауға құқығыңыз бар.

«Бұл жүйе бұрыннан бар. Даяшының қызметіне берілетін қосымша 10 пайыздық ақыны барлық дәмханада төлейміз. Мұндай үстемақы барын ескертпейтіндер көп. Тамақтанып болып, кетерде чек сұраймыз. Сол чектегі жазылған сомадан білеміз», – дейді қала тұрғыны.

Қызмет ақысы пайыз түрінде емес, теңгемен есептеліп берілуі керек дейді заңгер Балзира Тұрабайқызы. Осы тақырыпқа қатысты бірқатар сауалды маманға қойған едік.

ЗАҢСЫЗ АҚЫ

Тұтынушы 10 пайыздық үстемақы төлеуге міндетті емес



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«Бұл мәселеге бейтарап қараймын. Екі тарапты да жақтамаймын. Дау туғызатындай ешнәрсе көріп тұрған жоқпын. Заң бұзылмау үшін мекеме алдын ала пайыздық үстемақы қосылатынын ескертсе болды. Ол үстемақы қызмет көрсетіп жүрген даяшының еңбегінің ақысы», – дейді қаржыгер Перизат Бауыржанқызы.

Балзира ТҰРАБАЙҚЫЗЫ,
қаржылық заңгер:

Тұтынушы мүддесі ескерілмей жатады

Тапсырыстан бөлек 10–15 пайыздық үстемақы төлеуді құптамаймын. Себебі, біздің тұтынған ас мәзірінде бағасы есептеліп тұрады. Бұл тек дәмхана даяшыларының қолақысы деп айтып жатады. Бірақ төленген ақыларды даяшыларға толық бергендерін көрмейміз. Өзіміз де студент болдық қой. Шет жағасын білеміз. Мекеме администраторы күнделікті қолақының 5–7%-ын аласың деп айтады. Оны дәмханаларды менеджерлері жұмыс істегені үшін келген қонақтардан өндіреді. Даяшылар тұтынушыны жақсылап күтіп алады. Кейбір дәмханаларда өз-өзіне қызмет көрсету бар. Үстемақыны міндеттеп төлеттірудің қажеті жоқ деп санаймын. Тұтынушы өз еркімен төлесе болады. Ал төлемегендерге мекеме тарапынан қысым болмауы керек.

● ПОЛИЦИЯ



Қылмыстық іс тіркелді

27 жастағы қала тұрғыны бірқатар алаяқтық жасады деген күдікке ілінді

Күдіктіге ҚР ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігі (Алаяқтық) бойынша айып тағылды.

«Алдын ала анықталғандай, А. есімді азамат бірнеше ай бойы көліктерді бөліп төлеу арқылы сатып алып, оларды тиімді бағаға қайта сатқан. Тергеу барысында күдіктінің қылмыстық әрекетінің қосымша эпизодтары анықталды. Екі автокөлік тәркіленіп, заттай айғақ ретінде қылмыстық іске тіркелді. Күдікті қаңтар айында 3,3 млн теңгеге Mercedes автокөлігін сатып алып, бір айдың ішінде төлеймін деп уәде бергендігі белгілі болды. 3,9 млн теңгеге сатылымға қойылған BMW көлігі үшін А. есімді азамат бар болғаны 250 мың теңге төлеген, ал қалғанын бірнеше апта ішінде беруге уәде берген. Бірақ бұл шетелдік көлік кейін үшінші адамнан тәркіленді», – деді Әуезов аудандық Полиция басқармасының басшысы Ұлан Әбілқайыр.

Тергеу барысында күдіктіге қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалды. Қосымша тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

● КРИМИНАЛДЫҚ ПОЛИЦИЯ



Қалта ұрылары ұсталды

Криминалдық полицияның хабарлауынша, олар қоғамдық көліктерде және адам көп жиналатын орындарда ұрлық жасап жүрген.

«Бұрын сотталған 38 жастағы Т. есімді азамат 221-бағыттағы қоғамдық көліктің шыға берісінде ұсталды. Алдын ала мәліметке сүйенсек, ер адам осыдан біраз уақыт бұрын жолаушының телефонын ұрлап кеткен. Оңай жолмен ақша табудың тағы бір әуесқойы – 49 жастағы А. есімді азамат. Оны жедел уәкілдер 92-бағыттағы қоғамдық көлікте ұстады. Оның қылмыстық олжасы басқа біреудің Samsung телефоны болып шықты. 2 дерек те ҚР ҚК-нің 188-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіліміне тіркелді. Олар қамауға алынды», – деді Алматы қалалық ПД криминалдық полиция басқармасының басшысы Қуатбек Науатов.

Т. есімді азаматтың бөтеннің мүлкін ұрлаудың 4 дерегіне қатысы бар екендігі белгілі болды. Қазіргі уақытта ұсталғандардың жеке басы басқа да ықтимал қылмыстарға қатысы бар-жоғына тексеріліп жатыр. ҚР Конституциясының талаптарына және ҚР ҚПК-нің 201-бабына сәйкес қылмыстық істің басқа да мән-жайлары жария етуге жатпайды.

● АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ



Талапқа бағынбаған

Мас күйде мотоцикл жүргізген азамат ұсталды

Тимирязев пен Жароков көшелерінің қиылысында «Буран-126» патрульдік экипажы апаттық жағдай жасаған мотоциклшіні байқап қалған. Тәртіп сақшыларының «тоқта!» деген заңды талаптарына бағынбаған жас жігіт қашып кетпек болған. Патрульдік қызметкерлер оны Левитан көшесінде тоқтатты.

«Мотоциклшінің мінез-құлқы жол қозғалысына қатысушылар үшін өте қауіпті болды. Медициналық сараптама оның есірткіге мас болғанын анықтады. Құқық бұзушы көлік құралын басқарудан айырылып, ҚР ӘҚБтК-нің 608-бабы 6-бөлімі және ҚР ӘҚБтК-нің 596-бабы 5-бөлігі, ҚР ӘҚБтК-нің 606-бабы 1-бөлігі, ҚР ӘҚБтК-нің 613-бабы 1-бөлігі, ҚР ӘҚБтК-нің 230-бабы 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды», – деді Алматы қалалық ПД жергілікті Полиция қызметі басқармасының басшысы Ержан Ұзабаев.

Ол сондай-ақ, шешім қабылдау үшін өндіріс материалдары Алматы қаласы бойынша мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына жіберілетінін айтты. 2 дөңгелекті көлік айыппұл тұрағына қойылды.



ҚҰРЛЫҚТЫҚ БӘСЕКЕ

ЭЛЬМИРА СЫЗДЫҚОВА – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Астана қаласында өтіп жатқан әйелдер күресінен Азия чемпионатында қазақстандық Эльмира Сыздықова (76 келі) «алтын» алды.

Құрлықтық додада ол финалда қырғызстандық Айпері Медетқызымен шеберлік байқасты. Қазақстандық балуан қарсыласынан жинақы қимыл көрсетті. Нәтижесінде қарсыласын жеңіп, Азия чемпионы атанды.

Құрлықтық бәсекеде алғашқы белдесуінде ол өзбекстандық Озода Зарипбаеваны мерзімінен бұрын жеңіп кетті. Одан кейін қытайлық Хуан Вангті ұпай санымен қапы қалдырды.

Э.Сыздықова биыл еліміздің VI жазғы Спартакиадасында топ жарды. Эльмира осыған дейін Азия чемпионатында 1 алтын, 2 күміс, 3 қола алған еді.

Еске салсақ, бұған дейін ел құрамынан Марина Седнева (55 келі) 3-орын



үшін сайыста Нгуень Ти Май Трангты жеңіп, қол жүлде алды. Сондай-ақ, Елена Шалыгина (68 келі) 3-орын үшін сайыста тағы Мээрим Жуманазаровадан басым

түсіп, тағы бір қоланы қоржынға салды. Ал Диана Каюмова (59 келі) қола жүлде үшін сайыста қырғызстандық Калмира Билимбекқызынан жеңіліп қалды.

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ



ҚАЗАҚСТАН – ҮШІНШІ ОРЫНДА

Өткен нөмірде Астана қаласында грек-рим күресінен ересектер арасында Азия чемпионаты өтіп жатқанын, алғашқы жарыс күнінен кейін жалпыкомандалық есепте Қазақстан үшінші орында келетінін жазған болатынбыз.

Барлық салмақтағы жеңімпаз бен жүлдегерлер белгілі болды. Кілемге шыққан Ұлттық құраманың 5 балуаны кешкі сессияда медаль үшін таласты. Ұлттық құрама қоржынына жалғыз алтынды Ибрагим Магомадов салды. Ол финалында ирандық Саяд Әли Именталабфоманидің осал тұсын тапты.

Биыл ҚР-ның VI жазғы Спартакиадасында топ жарған Ибрагим ширек финалда қырғызстандық Әділхан Нұрланбековті, сосын Әли Мұхамед Кадхимді жеңді. Былтырғы Азия чемпионатында бұл салмақта ел намысын Абылайхан Әмзеев қорғап, финалда ирандық балуанға жол берген.

«Финалға қарсыласымды жан-жақты зерттеп барып шықтым. Белдесуге сақадай сай болдым. Жеңісімді барлық қазақстандыққа және отбасыма арнаймын. Биыл біз үшін жауапты жарыс көп. Өз басым күзде әлем чемпионатында күрескім келеді. Осылай алтын алып, Көк туымызды желбіретуді армандаушы едім. Менің құрметіме еліміздің Әнұраны шырқалғанын қатты қаладым. Бүгін сол тілегім орындалды», – деді Ибрагим Магомадов.

Грек-рим күресінен 60 кг дейінгі салмақта сынға түсетін Ернұр Фидахметов Азия чемпионатының қола медалі үшін болған белдесуде қытайлық Ли Жу Чаоға есе жіберді. Шығыс Қазақстан облысының тумасы іріктеуде тайбэйлік Джуи Чи Хуанды және ирандық Мехди Сейфолла Мохсен Неджадты ұтқан. Бірақ жартылай финалда оңтүстік корейлық Ханджа Чунгтан ұтылып қалды.

Жалпы 5 күнге созылатын бәсекеге құрлықтағы 24 елден 400-ден аса спортшы жиналды. Бұл қатарда Олимпиада, Әлем және Азия чемпиондары бар.

UFC

ЖЕКПЕ-ЖЕК КҮНІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Аралас жекпе-жек шебері, қазақстандық Жалғас Жұмағұлов келесі айқасы қашан өтетінін айтты.

«6 мамырға әрекет етіп жатырмыз, Иншаллах», – деп жазды Жұмағұлов Instagram-да. Ол сондай-ақ, келесі жекпе-жегінің постерін жариялады. Оның қарсыласы – бразилиялық спортшы Рафаэль Эстевас. Ол 11 айқас өткізіп, бірде-біреуінде жеңіліп көрмеген. Кездесу 6 мамырда Ньюаркдағы (Нью-Джерси) UFC 288 турнирінде өтеді. Әуелде қазақстандықтың қарсыласы америкалық спортшы Натан Манесс (14-3) болуы керек еді, бірақ ол жарақатына байланысты жекпе-жектен бас тартты.



СЕМСЕРЛЕСУ

СПАРТАКИАДА БАСТАЛДЫ

Қалалық Спортты дамыту дирекциясының баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, турнир Кәрік Ахметов атындағы Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат колледжінде өтіп жатыр.

Оған 11 өңірдің спортшылары қатысуда. Бірінші күні қылыштасу бәсекесінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталды. Ерлер арасында 30 үміткер, ал әйелдер сайысында 29 спортшы бақ сынады.

ЕРЛЕР:

1-орын – Тамирлан Қалиев (Абай облысы);
2-орын – Ниязбек Сафинов (Абай облысы);
3-орын – Никита Пономарев (ШҚО);
3-орын – Ғалым Нұрымов (Алматы).

ӘЙЕЛДЕР:

1-орын – София Ақтаева (Алматы);
2-орын – Күлжан Түсіпбекова (Абай облысы);
3-орын – Алина Искандерова (ШҚО);
3-орын – Аяулы Өтеуленова (Абай облысы).

Қылыштасудан командалық сайыстар өтеді. Одан кейін семсерлесу бәсекесінің үздіктері анықталады. Спартакиада 15 сәуірде аяқталады.

Жарысқа қатысып жатқандардың арасында ұлттық құраманың Руслан Курбанов, Эльмир Әлімжанов, Артем Саркисян сияқты үздіктері бар.

Спартакиада қорытындысы бойынша олимпиадалық іріктеу турнирлері мен жазғы Азия ойындары сияқты халықаралық додаларда ел намысын қорғайтын ұлттық құрама мүшелері белгілі болады.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

7–9 сәуірі аралығында Шымкент қаласындағы «Қажымұқан» атындағы спорт кешенінде бұрынғы Ішкі әскер, бүгінгі Ұлттық ұланның 1995 жылдың 7 сәуірдегі тәжік-ауған шекарасында және қаңтар оқиғасында қаза тапқан жауынгерді еске алуға арналған жарыс өтті.

ӘСКЕРИЛЕР СЫНҒА ТҮСТІ

3 күнге созылған шараның мақсаты – Ұлттық ұланның әскери қызметкерлері арасында жекпе-жек ұрысын әскери-қолданбалы спорт түрі ретінде насихаттау. Сонымен қатар, салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, халықаралық және республикалық деңгейде өтетін жекпе-жек сайсынан жарыстарға қатысу үшін әскердің құрама командасына үміткерлерді іріктеу көзделген.

Спортшыларды Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы бас қолбасшысының орынбасары генерал-майор Бауыржан Әбжанов, Қазақстан Республикасы Бас қолбасшысының орынбасары генерал-майор Альберт Маткаримов және жарыстың бас төрешісі полковник Сатжан Әбішев, сондай-ақ бокстан Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, Әлем чемпионаттарының 3 дүркін жүлдегері Абылайхан Жүсіпов қарсы алды. Олар барлық спортшыға сәттілік пен жеңіс тіледі.



«Бұл жарыста барлық команда өздерінің үздік спортшы екенін көрсетті. Олардың ішінде Ұлттық ұланның құрама командасына іріктеу үшін ең мықтылары анықталды. Сондай-ақ, аталған іс-шара барысында жоғары ауқымдағы жарысқа қатысу үшін үздік спортшылар тандалды», – деді жарыстың бас төрешісі Сатжан Әбішев.

Спорттық жарыстың қорытындысы бойынша 1-жалпы командалық орынды – «Батыс» ӨңК командасы, 2-орынды – Ұлттық ұлан академиясының командасы жеңіп алса, турнирдің қола жүлдегерлері – «Оңтүстік» ӨңК командасы болды.

Жеңімпаздарға медальдар, кубоктар және бағалы сыйлықтар берілді. Бірақ олар үшін басты сыйлық – кәсіби жекпе-жектер болды. Өйткені, сайыста әр спортшы жылдар бойы шыңдалған нағыз шеберліктерін ортаға салып, тартысты жекпе-жек өнерін көрсетті.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМДЕР

КӨШЕ АТЫ КІМГЕ БЕРІЛГЕН?

Бала күнімде әкемнің қалада жұмысы шықса, мені өзіне серік қылып алып кететін. Екеуміз қалада жүріп түрлі автобустарға мінеміз. Сонда оның «балам, Алматы көшелерінің атын менімен жүргеніңде жаттап ал, өскен шағыңда керек болады» деп біз жүрген көшелерді тізбектеп айтатыны бар еді. Айтқанындай-ақ, мен жүрген көшелерді жаттап жүрдім (бұл әдетімнің маған көмегі көп тиді). Бірақ кейбір көшелердің атына қарап, «осы даңғылға есімі берілген тұлға кім екен?» деген сұрақ туындайтын. Мүмкін мұндай ой оқырмандарымыздың бірінде туындаған да болар. Ал тағы бір азаматтар тобы күнделікті қарбаласпен мұндай мәселеге мән бермейтін де шығар. Дегенмен, алпауыт Алматыда көшеге аты берілген тұлғаларды біліп жүргеніміз дұрыс.

Ұзақбай ҚҰЛЫМБЕТОВ

1998 жылы шаһар басшысының шешімімен бұрынғы Люксембург көшесіне Қазақ КСР Орталық атқару комитеттерінің төрағасы Ұзақбай Құлымбетовтың аты-жөні берілді. Ардақты тұлғаның атын алған Алматы ауданында орналасқан көшенің ұзындығы – 1350 метр.



Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетов – 1891 жылы 18 наурызда бүгінгі Ақтөбе облысының Бірғыз ауданы, Аманкөл ауылдық округінде дүниеге келген. Ол алдымен Бірғыздың екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде (1910), одан кейін Ақтөбе мұғалімдер семинариясында (1912) білім алады. Оқуын аяқтаған соң, Ұ.Құлымбетов Бірғыз және өзге де көрші ауылдарда мұғалім болып қызмет етеді.

Ақ пен қызылдар арасындағы азамат соғысы аяқталып, 1921 жылы Ақтөбе губерниясы құрылғанда ол губерниялық оқу бөліміне басшылық қызметке ауысады. Одан кейінгі жылдары Ұзақбай Желдірбайұлы Ақмола губерниялық атқару комитетінің төрағасы, Халық шаруашылығы Орталық Кеңесі төрағасы, Қазақ өлкелік ішкі және сыртқы сауда Халық Комиссары сынды өте жауапты қызметтерді адал атқарады. Сондай-ақ, 1935–1937 жылдары Қазақ КСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болды.

Кеңестік билік енді орнап, қазақ даласында екі бірдей ашаршылық өткен дәуірде ел басқарған Ұзақбай Құлымбетов ел даму үшін аянбай еңбек еткен. Мысалы, оның бастамасымен 1925 жылы Риддер, Қарсақбай кен орнын дамытуға 23 миллион қаржы бөлінген. Сонымен қатар, халықты сауаттандыру, ірі өндіріс орындарын қалыптастыру, Қазақстан астанасын Қызылордадан Алматыға көшіру секілді мемлекеттік маңызы бар тарихи оқиғалардың басы-қасында жүрді.

– Марқұм жолдасым Кәкімжан Қазыбаев кезінде: «Есінде болсын, Ұзақбай Құлымбетов жөнінде екі түрлі материал бар. Бірі – қараалаған материал да, екіншісі – жақсы мағынада жазылған материал. Бірақ жұрттың қолына көбіне қараалаған дүниелер түседі де, екіншісі соның тасасында қалып қояды. Әкем қай губернияға жұмысқа жіберілсе, барған жерінде мектептер ашқан. «Елдегі балалардың 25 пайызы ғана мектепке барады, Одақтағы жетім балалардың үштен бірі Қазақстанда» деп Калининге хат жаза отырып, қаржы бөлгізеді, – деп Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Орынша Қарабалина-Қазыбаева еске алады.

Ұзақбай Құлымбетов 1937 жылы қамауға алынып, 1938 жылдың 22 наурызында (47 жасында) «халық жауы» деген жалған жаламен атылды. Қазақ үшін қиын-қыстау кезеңде ел басқарған қайраткер 1958 жылы ақталды.

Шара ЖИЕНҚҰЛОВА

Медеу ауданындағы көшелердің біріне Халық әртісі, қазақ би өнерінің негізін салушы Шара Жиенқұлованың аты берілген. Аталмыш көше 2022 жылы ашылған «Алматы театрының» артқы жағында орналасқан.



Шара (шын есімі – Гүлшара) Баймолдақызы Жиенқұлова 1912 жылы 18 тамыз күні Алматы шаһарында дүниеге келген. Оның бойында биге деген қызығушылық

мектеп кезінде туындаған. Шара орыс мектебінде оқып жүріп, би өнерімен танысады. Сөйтіп жүріп алғаш рет сахнаға 13 жасында шықса, он алты жасында «Биші қыз» атағын иеленеді. Айта кетерлігі, қазақ би өнерінің ханшайымы Дінмұхамед Қонаевпен бір сыныпта оқыған.

Ш.Жиенқұлова 1928 жылы актер, режиссер Құрманбек Жандарбековке тұрмысқа шығып, үлкен сахнадағы өнер жолын жолдасымен бірге Қазақ драма театрында бастайды. Мұнда өзінің алғашқы рөлі – Бейімбет Майлиннің «Майдан» пьесасындағы Пүліш образын сомдайды. Одан кейінгі жылдары М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» және «Қарагөзінде» басты рөлдерді ойнайды. 1934 жылы Шара Жиенқұлова жаңадан шымылдығы түрілген Қазақ мемлекеттік музыка театрына ауысып, мұнда Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» музыкалық драмасында, Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Жалбыр» және «Ер Тарғын» операларында ұлттық биді биледі.

Майталман бишінің өнеріне қазақ зиялылары да жоғары баға берген:

«Жан тебіренге, терең сезімге бөлейтін келісті өрнек Шараның бойынан айқын сезіледі. Сахнаның еркесі де, сәні де Шара! Оның сезім сергітетін шыншыл өнері мен қайталанбас қолтаңбасы мейлінше жарқырап көрінді. Бұл дарын иесінің туған халқына қызмет етуінің тамаша үлгісі», – деп кезінде Ғабит Мүсірепов пікір білдірген.

Сондай-ақ, Қазақстанның халық артисі 1962–1966 жылдары ҚазКСР ән-би ансамблінің жетекшісі, ал 1966–1975 жылдары Алматы хореография училищесінің директоры болып жұмыс істеді.

Ш.Жиенқұлова 1991 жылы 21 мамырда Алматыда 78 жасында өмірден өтті.

Асқар ТОҚПАНОВ

Әуезов ауданының көшелерінің бірінде қазақтың театр өнерін дамытқан аса талантты режиссер, педагог, Қазақ КСР-інің халық әртісі Асқар Тоқпановтың есімі (Алматы қаласы мәслихатының 20.11.2006 №292 шешімі мен Алматы қаласы өкімдігінің 29.11.2006 №7/1448 қаулысы) берілген. Аталмыш көшенің бойында тұрғын үйлер, сауда орындары орналасқан. Көшенің ұзындығы – 1700 метр.

Асқар Тоқпанов 1915 жылы қазан айында Алматы облысының Іле ауданына қарасты №2 ауылда дүниеге келген. 1939 жылы Мәскеудің мемлекеттік А.В.Луначарский атындағы театр өнері институтының режиссерлік факультетін тәмамдаған соң республикамыздың театр өміріне белсенді түрде қызу араласып кетті.

А.Тоқпанов жоғары білімді тұңғыш ұлттық кәсіби режиссер ретінде өзінің алғашқы қойылымын 1940 жылы М.Әуезов пен Л.Соболевтің «Абай» трагедиясы бойынша Қазақтың мемлекеттік М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасында қойды. Ол бұдан кейінгі жылдарда да осы қара шаңырақ сахнасында көптеген көркемдік сапасы жоғары спектакльдер қоюмен қатар Республикалық балалар мен жасөспірімдер театрында, сондай-ақ, бірқатар облыстық театрларда бас режиссер, көркемдік жетекші қызметтерін абыроймен атқарды.

Асқар Тоқпанов республикамызда театр өнерін кәсіби тұрғыда оқытып, білім беру ісі мен кезінде КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының жанынан өнертану



секторын ұйымдастырып, оның негізін қалаушылардың бірі болды.

Республикамыздың театрсүйер жұртшылығына А.Тоқпанов актер ретінде сахна төрінде шебер сомдалған Ленин, Абай, Ыбырай Алтынсарин бейнелері арқылы жақсы таныс. Қазақстанның өнеріне еңбек сіңірген қайраткер (1957), Қазақстанның халық артисі (1974), Еңбек Қызыл Ту және Құрмет белгісі ордендерімен, бірнеше медальдармен, Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет Грамоталарымен марапатталған.

Оноре де БАЛЬЗАК

Бостандық ауданында әлемге аты танымал француз жазушысы Бальзак атындағы көше бар. Айта кеткен жөн, Алматыдан бөлек жазушының есімі Украинаның Киев, Львов және Францияның Париж сынды ірі қалаларындағы көшелерге де берілген.



Бальзак – француз жазушысы, еуропалық әдебиетте реализмнің негізін қалаушылардың бірі. Ол Париж заң мектебін бітірген. Дегенмен, бала кезінен шығармашылыққа жаны жақын Бальзак әкесі қалағандай заңгер емес, жазушылыққа бет бұрады.

1920 жылы оның алғашқы шығармасы – «Кромвель» трагедиясы жарық көреді. Дегенмен, зиялы қауым мен қалың оқырман арасында Бальзактың аты 1829 жылы шыққан «Шуандар» романынан кейін белгілі болады. Аталмыш роман 90 прозалық шығарманы қамтитын «Адам комедиясы» деп аталатын шығармалар сериясының бастамасына айналды.

«Адам комедиясы» – француз қоғамын шынайы бейнелеген көркем ірі туындылар жинағы. Бальзактың бұл шығармалар жинағы әлем әдебиетіне жаңа леп алып келгені сөзсіз.

Бальзактың шығармаларын Ф.Жиро, В.Гюго, Ф.М.Достоевский, М.Әуезов жоғары бағалаған. Сондай-ақ, француз жазушысының «Шегірен былғары» романы, «Горио атай» повесі (1984, 1985, 1987), «Памэла Жиро» (1938) пьесасы қазақ тіліне аударылған.

Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



ҰЛТТЫҚ КЕЛБЕТ

ЖЕРҮСТЕЛ

немесе қазақтың тұрмыс-салтының бәрі тұнып тұрған ғылым

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бүгінде заманауи жиһаздардың түр-түрі бар. Қонақ бөлме, балалар бөлмесі, жатын бөлме, дәліз, кіреберіс дейсіз бе, бәріне қалаған дизайнды тапсырыс беріп жасатып аласыз. Асүйіңізге төртбұрыш әлде үшбұрыш немесе дөңгелек үстел керек пе, оны да өз талғамыңызбен жасатуға мүмкіндік жетеді.

Соған қарамастан еліміздің оңтүстік өңірлерінде әлі де көп ағайын жерүстелге, яғни жозыға отырып шәй ішеді. Үлкен тойды да жерүстелге жасай беретін аймақтарды білеміз. Қаладан барғандар ол үстелге отыра алмай, әрі төңкеріліп, бері төңкеріліп, әбден мазасы қашатынын көріп жүрміз.

Кеше ауылға барғанда байқағаным, үлкені де, кішісе де малдас құрып отыр дастархан басында. Емін-еркін. Бәрі сергек. Тың. Қуандым. Бала күнгі көз алдымда қалған қазақы қалыптың жоғалмағанына қуандым, бәлкім.

Кейде қалаға келген үлкендеріміздің «мынау аспандап отыратындарың қолайсыз бізге, жерге ішсеңдер қайтеді» деп қалатыны бар. Ол кісілер жерге малдас құрып, тізені бүгіп немесе аяқты созып тастап отырудың, жерде жастыққа шынтақтап, созылып жатудың пайдалы екенін жақсы біледі. Оны медицина да дәлелдеп қойған. Ал шынтуайтында, дана қазақ одан ертерек білген.

Аталарымыз малдас құруды ер кісінің дұрыс отыру тәсілі деп есептеген. Ал әйелдер жағы әдеппен ғана оң аяғын астына басып, сол тізесін бүгіп отырып шай құйған. Зерттеулерге сүйенсек, бұлай отыру қан айналымын жақсартып, аяқтағы қан тамырларының жұмысына елеулі әсер етеді екен. Қарапайым тілмен түсіндірсек, аяқтағы бұлшық еттің бар бөлігіне күш түседі де, қан жақсы айналады. Соған орай зат алмасу процесі де қарқынды жүреді. Ал орындықта отырған адамның бұлшық етінің біраз бөлігі қимылсыз қалады дейді мамандар.

Шындық сол, қазір еңкейіп еден де жумаймыз әйелдер. Таяқпен жуамыз. Демек, тізе бүгілмейді. Дене иілмейді. Бүгінгі өркениетті қоғамдағы үстелге отырғанда да дәл сондай, тізіміз бүгілмейді, орындықта отырған соң оған күш те түспейді, тек қолымыз бен аузымыз ғана қимылдайды. Ал малдас құрып, тізерлеп отырған адамдардың денесі босаңсып, сол арқылы миы да тынышталатын көрінеді. Ми тынышталған соң тамақ та сіңімді болатыны сөзсіз.

Ауылда, шай, тамақ ішіліп болған соң, тоқ басу үшін жерүстелді айнала, бір-бір жастықты қолтығына басып алып, шынтақтап жатып әңгіме соғатын немесе алдағы күннің шаруасын ақылдаса бастайтын шаруа-кор әкелердің, аға-інілердің бейнесі қандай! Былайша айтқанда, қазақтың жозысы, жерүстелі отбасы мүшелерін жақындастыратын қасиетке ие болған десек, қателеспеспіз. Ас қайырып, бата жасап, орындарынан тұрып бара жатқанда да тізе бір бүгіліп, бір жазылады. Ал оның бәрі денсаулыққа пайдалы. Қазақтың тұрмыс-салтының бәрі тұнып тұрған ғылым ғой.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дастархан әдебі

- Дастархан жасалғанда үстіне алдымен нан қойылады. Үстел басына қол жемай отырмайды. Әйтпесе, астың құты қашады деп ырымдаған.
- Дастарханға әуелі үйдің үлкендері жайғасады. Себебі, қазақ үйдің берекесі үлкендерде тұрады деп санаған.
- Төрге әулеттің атасы, ата жоқ болса отағасы отырады. Атаның сол қанатына, жүрек тұсына ұлдары жайғасады. Олардан кейін ана, жұбайы, келіні отырады. Атаның оң қанатында қонақ, қонақтан кейін тұрмыс құрмаған қыз жайғасады. Одан кейін сол үйдің немесе әулеттің тұрмысқа шыққан қыз-күйеу баласы отырады.
- Асты оң қолмен алып жейді. Нанды бір қолмен үзбейді. Дастархан басында асты шылпылдатпай, төгіп-шаппай жеген дұрыс. Тамақ үстінде жөтеліп, қақырыну, құлақ-бетті шұқылау да үлкен әдепсіздік.
- Қазақ әйелі кетік кесеге шәй не қымыз құймайды, яғни сынық ыдыспен тамақ ұсынбайды. Ыдыстың кетік жерінен шайтан тамақ ішіп отырады деп сенген. Жыртық, май басқан, ескі дастарханды жаймайды. Себебі, кедейлік шақырады деп ырым еткен.
- Дастархан әдебіндегі ең үлкен мәдениет – асты бата жасап барып ішу және ас-суды ішіп болған соң, ас қайыру батасын беру.



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Мөлдір махаббат»

Өтетін орны: Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Күні мен уақыты: 16 сәуір, 19.00.
Автор: Сәбит Мұқанов.
Режиссері: Әбубәкір Рахимов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.
Жас шектеуі: 7 жастан асқан балалар бөлек билет сатып алуы керек.



«Бақшасарай бұрқағы»

Өтетін орны: Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры.
Либретто: Н.Волкова.
Күні мен уақыты: 16 сәуір, 18.00.
Ұзақтығы: 2 сағат, 15 минут.
Қосымша: Спектакльде екі үзіліс бар.
Жас шектеуі: 7+



«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» байқауы

Өтетін орны: «Көк-Төбе» мәдениет және демалыс саябағы.
Күні мен уақыты: 15 сәуір 15.00.
Ұйымдастырушылар: Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен қаланың Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры.



ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ

АРТЫНДА ҚАЛҒАН ІЗІ БАР

Атақты суретші Жұмақын Қайрамбаевтың көрмесі ұйымдастырылды



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор Жұмақын Қайрамбаевтың мерейтойлық «IZDER IV / ПЕРІШТЕ ІЗІ» көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге суретшінің үздік шығармалары мен шәкірттерінің тамаша туындылары қойылды.

Бұл көрменің басты ерекшелігі – Қазақстан бейнелеу өнері тарихында алғаш рет жылқы жануарына арнайы көрме арналып, терең қамтылуы. Қазақ халқы: «Ат – ер қанаты» деген, ғасырлар бойы жылқы адамның ең жақын серігі, тұлпары, оның өмірінің ажырамас бөлігі болды. Ақындар оған өлең арнаса, суретшілер оның бейнесін түрлі ракурста бейнелеуге тырысқан.

«Біздің туындымызда дауыс та, дыбыс та жоқ. Көрген ел оны түсінуі қажет. Жұмыстарынан өнерді сүйетін, профессорлар екендігі көрініп тұру керек. 43 жыл жұмыс жасап жүргенімде бекер жүргенімді байқадым. Бүгінде 70-ке келгенімде шәкірттерім өздері осы көрмені ұйымдастырып берді. «Іздер» көрмесі 4-ші рет ұйымдастырылып отыр. Менде жалғыз қыз болды. Сол себептен, шәкірттерімнің барлығын балаларым деп атап кеткенмін. Тәрбиелеген шәкірттерімнің туындыларына қарап отырып, олардың талантты, дарынды суретшісі болғандығын байқауға болады. Шәкірттерімнің алды бүгінде зейнетке шықты, ал кішісі 30-ды алқымдады. Кескіндеме саласында қазақтың өнері өсіп келе жатқанын байқауға болады. Шәкірттерім алдағы уақыттарда да бас қосып, салған суреттерін көпшілікке ұсынып отырады деген сенімдемін», – дейді суретші.

Жұмақын Қайрамбаев қала тұрғындары мен қонақтарына көрмеге келудің мәңгізіне тоқтала кетті. Мұражай төрінде ұйымдастырылатын шаралар жайлы атап өтті.

«Қарапайым тұрғындардың көпшілігі суретшілердің аты-жөнін, туындыларын біле бермейді. Осы ретте тұрғындарға айтарым, балаларыңызбен, құрбы-құрдстарыңызбен мұражайға жиірек келіңіздер. Қарап отырсаңыз, кез келген ел, мемлекет өзінің тұрмыс-салтын өнері, көрмелері арқылы көрсетіп, танытып отырады. Сол себептен, көгілдір экраннан, газеттерде өнер жайлы көбірек айттылып, неліктен олай салынғаны жайлы талдау, қызығушылық танытса өнерім өркендер еді. Қазақтың бейнелеу өнері со-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

нау тас ғасырынан пайда болып, ұрпақтар сабақтастығы арқылы жүріп келе жатқанын білуіміз керек. Біздің салт-дәстүрлеріміздің өзі көркем шығарма секілді. Біздің шығармаларымызды шетелдіктер жоғары бағалап жатады. Дегенмен, көрмеге келіп, қызығып жатқандардың жастар екендігін байқаймыз. Болашақта бейнелеу өнерін түсініп, сүйіспеншілікпен қарайтын адамдардың қатары көбейеді деген сенімдемін», – дейді Жұмақын Қайрамбаев.

Ол сондай-ақ, суретшілерге көрме ұйымдастыруда көмек көрсетілсе деген тілегін де жеткізді. Суретшілерге арналған марапаттар қайта оралғанын қалайтынын жеткізді.

«Жыл сайын суретшілерге көңіл бөліп, түрлі деңгейде көрмелер ұйымдастырылса жақсы болар еді. Себебі, суретшілер

шеберханаларына кіріп алып, бас алмай жұмыс жасайтын адамдар. Тіпті, бір-бірлерін танымай, салған туындыларын қоймаға жинай береді. Сол себептен, олардың бастарын қосып, талқылау алаңын ұйымдастырса деген тілек бар. Осылайша суретшілердің шеберлігі артып, біріге түсетін еді. Дегенмен, жас өнерпаздардың болашағы жарқын болады деген сенімдемін. Қазірдің өзінде олар бір-біріне көмектесіп, жақын тартып тұрады. Енді Үкімет тарапынан қолдау білдірілсе, марапаттарға ұсынылса жөн-ақ. Бұл суретшілердің мерейін өсіреді. Суретшілердің өмірдегі ең үлкен мақсаты – ұлттық өнерді өшіріп алмай, ұрпақтар сабақтастығы арқылы әлемге таныту», – дейді суретші.

09.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. Плей-офф. (Ерлер) «Есіл СК» – «Алтай»
11.45 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
12.15 ФУТБОЛ. «Доп дода» бағдарламасы. Тікелей эфир
12.55 ФУТЗАЛ. Қазақстан Чемпионаты. 1/2 финал. «Қайрат» – «Атырау». Тікелей эфир
14.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Қызылжар» «Каспий». Тікелей эфир
16.55 ФУТБОЛ. ЮФЛК. «Астана» – «Ордабасы». Тікелей эфир
18.55 ХОККЕЙ. Жолдастық кездесу. Ерлер. Қазақстан – Оңтүстік Корея. Тікелей эфир
21.40 «SPORT REVIEW»
ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
22.10 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
22.40 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ. Чемпионат Мира. Парное катание. Произвольная программа
02.15 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
02.40 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
7.40 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
8.00 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
8.25 «Супер әке» Мультхикая.
8.50 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
9.15 «Ойна, ойла!» ойын-сауықтық бағдарлама
9.40 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
10.05 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
10.20 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
10.45 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
10.55 Анимация. Отандық / «Ержүрек сақшылар»
11.05 «Құпия кітап» ситком.

11.30 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
11.40 «Горм сақшылары» Мультхикая.
12.05 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
12.20 Анимация. Отандық / «Балалар ізі»
12.35 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
12.50 «Аға болғым келеді» ситком.
13.05 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
13.25 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
13.30 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
13.45 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
14.10 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
14.25 Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»
14.40 «Дарын мен Айзере» ситком.
15.00 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
15.20 Анимация. Отандық / «Жұлдыздар әлемі»
15.35 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
15.45 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
16.10 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
16.25 «Супер әке» Мультхикая.
16.50 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
17.05 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
17.20 Анимация. Отандық / «Ержүрек сақшылар»
17.35 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
17.40 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
18.10 «Аға болғым келеді» ситком.
18.25 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
18.40 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19.05 «Құпия кітап» ситком.
19.30 Анимация. Отандық / «Жұлдыздар әлемі»
19.45 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
19.55 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
20.25 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
20.45 «Ойна, ойла!» ойын-сауықтық бағдарлама
21.15 «Дарын мен Айзере» ситком
21.35 «Горм сақшылары» Мультхикая.
22.00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
22.30 Анимация. Отандық / «Балалар ізі»
22.45 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»

22.55 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
23.20 Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»
23.40 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANA TV

06.00 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Лестница в небеса» телесериал
12.20 «Осман» түрік телехикаясы
13.20 «Қарлығаш ұя салғанда» телехикаясы
15.00 «АШЫ ШЫНДЫҚ» тележоба
17.00 «Семья» Индийское кино
20.00 «SarapTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00 «Осман» Тұсаукесер! түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.00 «Жұлдызды жекпе-жек» жобасы
01.45 «Көру керек!» бағдарламасы



TALIM TV

07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Ұлттық спорт – Жамбы ату
08.40 Менің анам, менің әкем
09.00 Ғибратты ғұмырлар
09.55 Сау болайық
10.10 «Біздің жанұя» – мультфильм
10.30 Балалар сөзі – өсиет
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Жиырма бесінші сағат
13.30 Идея
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Өнер қырандары
16.00 Шатқал – қ.м.ф
17.00 Сау болайық
17.10 Views
18.15 Әжемнің әңгімесі
18.30 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Қазақы әңгіме
19.35 Саммари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Емен-жарқын
21.00 Ұлт саулығы
21.15 Ойлан – Таласфильм
22.00 Абайдың жолы
22.30 Orkeni style
22.55 Views



ЖЕКСЕНБІ
23 СӘУІР

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
8.00 Мультфильмы
9.30 Детский кино клуб
11.00 Отандық кино
13.00 Үздік әзілдер
15.00 Женский кино клуб
19.00 Концерт
20.00 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
21.00 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
22.00 Мужское кино
02.00 Мужское кино
2.50 Алматинские истории
3.15 Алматинские каникулы
3.25 Алматы кеші
4.10 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Ұнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Ұнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
7.00 «Күміс көмей»
7.35 «Зинһар»
8.20 «AQSAҮҮТ»
8.40 «Көңіл толқыны»
10.00 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.
12.00 «Qazaqstan дауысы. Балалар»
13.50 Дисней ұсынады. «Бас бөлігіндегі шытырман». Мультфильм (АҚШ, 2015 ж.)
15.15 «БАБАЛАР ҮНІ». Этно-фольклорлық дәстүрлі өнер фестивалі
17.25 «ТІРШІЛІК»
18.00 «МАХАББАТ ТҮТҚЫНЫ». Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық бағдарлама. Тікелей эфир
20.50 «ҒАҮНАРТАС». Мәдени-танымдық бағдарлама
22.30 «БАҰЫРЛАР». Телехикая (с субтитрами)
23.30 «Көңіл толқыны»
0.40 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
1.30 «Aqsaуut»
1.50 «Күміс көмей»
2.35 «Жәдігер»
3.00 Ұнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Ұнұраны
05.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
06.15 Концерт. «Мен жайлы...»
Фарида Жолдасова
08.00 «Таңбалы тарих – таңдаулы тұлға»
09.00 «Спорт әлемі»
09.30 «Культурный контекст»
10.00 Мегахит. «Человек ноября»
12.00 Мультфильм.
«Команда котиков»
13.30 «Балақай»
14.15 «Әрекет»
14.45 «Cover show»
Мейрамбек Бесбаевпен
16.30 «Жайдарман»
17.30 «Маска»
19.30 «Маңдай тер»
21.00 Информационный канал – аналитическая программа «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.15 «Киноман»
22.45 Мегахит. «Несчастный случай»
01.00 ҚР Ұнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ҰНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 What's up?
08.00 Тамаша live
09.00 «TeleBingo»
прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 КИНО. «Зита и Гита»

13.20 Анимационный фильм
«Рататуй» (повтор)
15.45 КИНО. Джеки Чан,
Джейден Смит в
боевике «Каратэ-пацан»
(повтор)
18.45 КИНО. Уилл Смит
в боевике «Люди в
черном» (повтор)
20.45 КИНО. Джейми Фокс
в боевике «Джанго
освобожденный»
00.00 «31 әзіл»
01.00 Тамаша live
02.30 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.30 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.20 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
8.30 «ПРОУЮТ»
9.20 Ольга Погодина,
Александр Дьяченко
в фильме «ЖЕНСКАЯ
ИНТУИЦИЯ»
11.30 «QAIМАҚ»
бағдарламасы
12.05 Константин Соловьёв,
Мария Куликова в
фильме «ЕГО ЛЮБОВЬ»
15.20 «УРОКИ СЧАСТЬЯ».
Многосерийный фильм
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Юрий Беляев,
Светлана Антонова,
Ольга Лерман,
Юлия Кокрятская в
многосерийном фильме
«СВОДНЫЕ СУДЬБЫ»
0.35 Премьера. Ксения
Раппопорт, Евгений
Миронов в фильме
«ЖАННА»
2.15 «П@УТИНА»
бағдарламасы
3.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
До 4.55

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.40 Jaidarman
07.30 Алдараспан
08.30 Т/п «Құтты қонақ»
09.00 Т/п «Измайловский
парк»
11.30 Шоу «Маска»
15.00 «Қызықты weekend»
16.00 Алдараспан
17.00 Х/с «Уроки жизни и
вождения»
21.00 Х/с «Черная месса»
00.50 Т/п «Құтты қонақ»
01.20 Jaidarman
02.00 Т/п «Келесі кім?»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ҰНҰРАНЫ
07.05 «БАҰЫРЖАН-ШОУ»
08.30 «OZAT OTБАСЫ»,
ток-шоу
09.30 «СМЕЯТЬСЯ
РАЗРЕШАЕТСЯ»,
шоу-программа
11.00 «ТАНЦЫ НА УГЛЯХ»,
детективная мелодрама
(повтор) (худ.сериал)
15.00 «ӨМІРДІҢ МӘНІ-
МАХАББАТ»,
көркем фильм
(өзбек худ. фильм)
16.20 «ӨКІНІШ», көркем
фильм (өзбек худ.
фильм)
18.20 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ»,
ән-шашу
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым

22.00 «ГОЛИАФ»,
казахстанское кино.
Премьера! (худ.фильм)
23.50 «ПО ТУ СТОРОНУ
СМЕРТИ-2»,
остросюжетный
детектив (повтор)
(худ.сериал)
01.30 «ӨМІРДІҢ МӘНІ-
МАХАББАТ», көркем
фильм (өзбек худ.
фильм) (қайталау)
02.40-
04.30 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ»
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

06.55 Ұнұран
07.00 КӘСІПҚОЙ БОКС.
Джервонта Дэвис
(США) – Райан Гарсия
(США). Тікелей эфир
11.05 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
11.35 «QAZSPORT алаңы»
ТОК-ШОУЫ
12.20 «SPORT REVIEW»
ақпараттық-
сараптамалық
бағдарламасы
12.55 ФУТЗАЛ. Қазақстан
Чемпионаты. 1/2 финал.
«Қайрат» – «Атырау».
Тікелей эфир
14.35 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
шолуы
15.00 ШАХМАТЫ. Матч за
звание Чемпиона мира
по шахматам 2023. Ян
Непомнящий (ФИДЕ) –
Дин Лижэнь (Китай).
10 раунд. Прямой эфир
15.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-
Қазақстан Чемпионаты.
«Тобыл» – «Ақтөбе».
Тікелей эфир
17.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-
Қазақстан Чемпионаты.
«Қайрат» – «Ордабасы».
Тікелей эфир
19.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-
Қазақстан Чемпионаты.
«Қайсар» – «Астана».
Тікелей эфир
21.55 ФУТБОЛ. Программа
«Тур по туру». Прямой
эфир
22.35 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа
Лигасының шолуы
23.25 MMA. OCTAGON 42
02.25 «THE RING».
10-бағдарлама.
(Қанат Ислам)
02.45 Ұнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Ұнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
7.40 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
8.00 Анимация. Отандық /
«Ғажайып әлем»
8.25 «Өтеш Брустер»
Мультхикая.

8.50 «Көк орманның
еркелері» Мультхикая.
9.15 «Super отбасы»
отбасылық бағдарлама
9.40 «Топбасшы Юху»
Мультхикая.
10.05 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
10.20 «Саммер мен Тодд.
Көңілді фермерлер»
Мультхикая.
10.45 Анимация. Отандық /
«Балапан түлек»
10.55 Анимация. Отандық /
«Ержүрек сақшылар»
11.05 «Күпия кітап» ситком.
11.30 Анимация. Отандық /
«Экосарбаздар»
11.40 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
12.05 Анимация. Отандық /
«Қобыланды батыр»
12.20 Анимация. Отандық /
«Балалар ізі»
12.35 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
12.50 «Аға болғым келеді»
ситком.
13.05 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
13.25 Анимация. Отандық /
«Күшті көліктер»
13.30 Анимация. Отандық /
«Әсем әуен»
13.45 Анимация. Отандық /
«Ғажайып әлем»
14.10 Анимация. Отандық /
«Балапан түлек»
14.25 Анимация. Отандық /
«Шахмат патшалығы»
14.40 «Дарын мен Айзере»
ситком.
15.00 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
15.20 Анимация. Отандық /
«Жұлдыздар әлемі»
15.35 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
16.10 Анимация. Отандық /
«Әсем әуен»
16.25 «Өтеш Брустер»
Мультхикая.
16.50 «Топбасшы Юху»
Мультхикая.
17.05 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
17.20 Анимация. Отандық /
«Ержүрек сақшылар»
17.35 Анимация. Отандық /
«Күшті көліктер»
17.40 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
18.10 «Аға болғым келеді»
ситком.
18.25 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
18.40 «Көк орманның
еркелері» Мультхикая.
19.00 «Күпия кітап»
ситком.
19.30 Анимация. Отандық /
«Жұлдыздар әлемі»
19.45 Анимация. Отандық /
«Экосарбаздар»
19.55 «Саммер мен Тодд.
Көңілді фермерлер»
Мультхикая.
20.25 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
20.45 «Super отбасы»
отбасылық бағдарлама
21.15 «Дарын мен Айзере»
ситком

21.35 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
22.00 «Әжемнің ертегісі»
кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық /
«Қобыланды батыр»
22.30 Анимация. Отандық /
«Балалар ізі»
22.45 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
23.20 Анимация. Отандық /
«Шахмат патшалығы»
23.40 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
23.55 «Бесік жыры» – Ұнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Кішкентай келін»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.00 «Лестница в небеса»
телесериал
12.20 «Осман» түрік
телехикаясы
13.20 «Алдараспан»
17.00 «Брак или брат»
Худ.фильм
19.00 «Брак или брат 2»
Худ.фильм
21.00 «Осман» түрік
телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы»
үнді телехикаясы
00.00 «Ащы шындық»
тележоба
01.50 «Көру керек!»
бағдарламасы

TALIM TV TALIM TV

07.00 Views
08.10 Руханият
09.00 Айтыс. Алтын қор
09.30 Саморазвитие с
Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.10 «Баланы бала деменіз»
– Балалар уақыты
10.30 Балалар сөзі – өсиет
11.00 Қазақ спортының
классикасы
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Жаңғырық –
Таласфильм
13.00 Капля добра в пустыне
– 1-часть
13.50 Капля добра в пустыне
– 2-часть
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Дода – көркем фильм
15.30 ТамашаLike
16.00 «Үлкен үй-4» –
телехикая
17.00 Сау болайық
17.20 Бір дубль
18.30 «Балалар сөзі – өсиет» –
Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Балалық шаққа саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
20.40 Пруст сауалнамасы
21.00 Ұлт саулығы
21.15 Жаңұа – Таласфильм
22.40 Сырласайық
22.55 Views



«МАСКА» Музыкалық жоба.
«ХАБАР» арнасы. Сағат 17.30-да.



РАМАЗАН – 2023

ҚАДІР ТҮНІНІҢ ҚАСИЕТІ

Рамазан айының соңғы онкүндігінде Құран түскен қасиетті Қадір түні жасырылған. Ғалымдардың айтуынша, жұп күннен тақ күнге өткен түн – Қадір түні. Биылғы Қадір түні ҚМДБ-ның Шариғат және пәтуа бөлімі жасаған діни күнтізбеге сәйкес оразаның 27-і түніне, яғни 17 сәуірге белгіленіп отыр. Бірақ осы онкүндіктің ішіндегі 13, 15, 19 сәуір күндері де Қадір түні болуы ықтимал. Қадір түні жасалған ғибадат мың айға, яғни сексен үш жылға тең.

Қадір түнінің ерекшелігі

• Құран Кәрім түскен түн. Дәл осы түні күллі мұсылман қауымы барынша көп құлшылық жасап, Жаратушыға мінәжат етеді. Құран оқып, қателік-күнәлары үшін кешірім сұрайды. Қадір түнін дәл осындай ізгі амалдармен өткізген адам Жаратушы алдында құрметті әрі ардақты болады.

• «Бұл түні аспаннан жерге түсетін періштелердің көптігі соншалық, оларға жердің өзі таршылық етеді» дейді екен. Бұл Қадір түніндегі періштелердің көптігін көрсетсе керек.

• Тағдыр жазылатын түн. Жаратушы осы түні пенделерінің бір жылдық тағдырын бекітеді. Сондай-ақ, бір жыл ішіндегі табиғат құбылыстарын, жақсылық пен жамандықты, өмірге келетін хәм өмірден өтетін адамдардың мезгілін бекітеді. Қадір түнінде тағдыр тақтасына құлшылықтағы құлдардың тілектері тоқылып, алдағы бір жылға қатысты үкімдер бекітіледі.



Қасиетті түннің белгілері

• Ауа райы бірқалыпты болып, баяу жел соғады, ай жарық болады. Мұхаммед пайғамбар: «Қадір түнінде аспан ашық болады. Ыстық та, суық та болмайды. Күн қызыл болып шығады» деген екен.

• Қадір түні құлшылық жасап, ғибадатпен өткізген адамның жүрегі тынышталып, рахат сезімге бөленеді.

• Иттер үрмейді, жан-жануар шуламайды.

• Дұғалар жылдам қабыл болады.

Қадір түнін қалай өткізген жөн?

• Алла разылығы үшін намаз оқып, құлшылықты көбейту.

• Құран Кәрімді оқып, тындап, жаратушымен байланыс орнату.

• Уағыз-насихат тындап, күнделікті күйбеңнен бір уақыт жүректі тазартып, шын көңілмен кешірімді болу.

• Тәубаға келіп, қайырлы істер жасауға ұмтылу.

• Қадір түні барша мұсылман үшін дұға жасау.

• Шама келгенше садақа беру.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мұратбек АНАРХАН, дінтанушы:

ҚҰЛШЫЛЫҚПЕН ӨТКІЗГЕН АБЗАЛ

– Қадір түні күн батып, ауыз ашқан сәттен бастап, таң атқанға дейін жалғасады. Ақшам мен таң намазы аралығында барынша құлшылық жасап, мүмкіндігінше ұйықтамаған дұрыс. Бірақ Қадір түніндегі мақсат – тек ұйықтамай, ояу жүру емес, дұрысы дұға-тілек жасап, ренжіткен адамдарды кешіріп, намаз оқып, садақа беру, ізгілікке ұмтылу. Кейбір адамдар осы түні үйге Қыдыр ата келеді, жақсылық кірсін деп есік-терезелерді ашып қояды. Бұл қате түсінік. Ең дұрысы, ренжіткен адамнан кешірім сұрап, жақсы жаққа өзгеруге тырысу. Алланы шын мойындап, айналаға мейірімді болуға ұмтылу. Жақсы ниетпен Қадір түнін күзеткен адам Алланың қалауымен мол сауапқа бөленеді. Бірақ бұл Қадір түнін күзетпеген адам күнәһар болады деген сөз емес. Қадір түнін күзеткен кісіге мың айдың сауабы беріледі деу, мың айлық парыз құлшылығын орындамай-ақ қойса болады дегенді білдірмейді. Қадір түнін құлшылықпен өткізу – мұсылманның ерікті амалы.



АЙТАМЫЗ ЖАРАПАЗАН АУЫЛЫҢА, БАҚ ҚОНСЫН БАР МҰСЫЛМАН ҚАУЫМЫНА

Қасиетті Рамазан айы басталғалы көшедегі балалар күнде кешке қарай жарыса жарапазан айтып, үйді-үйдің алдына жиналып алады. Бұл дәстүр қала маңындағы жер үйлер орналасқан аудандарда, ауылдарда жақсы тараған. Сондай-ақ, қазір мейрамханаларда өтетін ауызашарларда домбыра, баян асынған жігіттер жарапазан айтатынын байқап жүрміз. Осы жарапазан айту дәстүрі қазақ жеріне қашан келді? Жарапазан айтудың мәні неде?

ЖАРАПАЗАН БА, ЖАРАМАЗАН БА?

Тарихи деректерде жарапазанның пайда болуын қазақ даласына исламның келуімен байланыстырылады. Бұл тұрмыс салт-жырын еліміздің кейбір өңірлерінде жарамазан деп те атайды. Ислам ғалымдарының айтуынша, жарапазан сөзі арабтың «жәрамазан» сөзінен шыққан, Рамазан келді деген мағына береді. Ерте замандарда ораза басталған кезде жасөспірім балалар Рамазанның келгенін жарапазан айту арқылы сүйіншілеген деседі. Жарапазан ұйықтап жатқан халықты сәресіге ояту мақсатында айтылған деген де деректер бар. Жарапазан айту салты еліміздің оңтүстік өңірлерінде жақсы сақталған, ал Батыс, Орталық Қазақстан өңірлерінде жарапазан өте сирек айтылады, тіпті жоқтың қасы.

ТҮП-ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ

Қасиетті Рамазан айында дінді насихаттау сауапты іс деп түсінген жарапазаншылар өнер арқылы ораза ұстаушылардың көңілін көтерген, қайыр-зекетін де алған. Көптеген ғалымдар жарапазанды діни салттан туған өлең деп сипаттайды, тек бірлі-жарым зерттеушілер бұл шариғатқа сүйене отырып шығарылған қайыр-садақа, сый-құрмет сұрауға арналған тұрмыстық жыр дегенді айтады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақеділ ТОЙШАНОВ,

белгілі фольклортанушы:

«Жарамазанның әу бастағы қызметі мен мәні – шаңырақ иелеріне құт-ырыздықты әсерлі ақ тілек, әдемі алғыс-бата арқылы шақыру, олардан жұт-қырықты қаһарлы сөз сиқырымен қуып тастау мақсатында жасалатын магиялық шаралар кешенінен туындағаны анық болып отыр. Сол себептен де, оның мәнінде алғыс пен қарғыс жиі кездеседі. Мәселен, «Кірсін дәулет, шықсын бейнет», «Бай үйіне берекет, қаша берсін бәлекет», «Кірсін дәулет есіктен, шықсын бейнет тесіктен», «Келгенде қайыр-зекет бере алмасаң, жібермес ақыретке менің назам», «Асырсын-ау, асырсын, жамандығын жасырсын, осы үйге қастық қылған адамды, қара таспен бастырсын!» т.с.с.

Араб-парсы елінде жарамазан жыры жоқ, ал оның түркітөкес көптеген халықтарда ортақ болуының бір сыры – осы ежелгі жанрдың исламға дейінгі мәдениетте ел өмірінде әбден белгілі болғандығының дәлелі секілді».

Ғалымның айтуынша, жарапазанға ұқсас жырдың бір үлгісін әзербайжан мен түркімендер наурыз келгенде, ал өзбектер мен тәжіктер бәйшешек гүлі өнгенде айтатын болған. Бұл деректерден осы жанрдың түп төркіні бағзы дәуірде көктемде күн мен түн теңескен табиғаттың жаңғыру, түлеу мейрамымен тамырлас пайда болғанын аңғаруға болады.

ЖАРАПАЗАНДЫ ТЕК ЖАРЛЫЛАР АЙТҚАН БА?

Белгілі жазушы Мұхтар Әуезов қазақтың жарапазаны мақтау айтып, ақы алатын өлеңдерге жақын келеді деп есептеген. Көне әдебиеттерде жарапазанды жақсы айтқан

адамға түйе мінгізетіні, бала-шаға айтқан жарапазанға қыз-келіншектер құрт-ірімшік, бауырсақ беретіні айтылады. Зерттеушілердің еңбектеріне сүйенсек, жарапазаншылардың бір өлеңі ислам дінін дәріптейтін мақтау өлең болып келсе, екінші өлең ескі дін тұрасында, Наурыз үстінде, қонақасы бергенде айтылатын бата іспеттес. Яғни ежелгі заманнан бері қарай түркі халықтарының тұрмыс-салт жыры мен ислами өлеңдер, жанрлар араласып кеткен.

Қазіргі қоғамда «тегінде жарапазанды кедей-кепшік, бала-шаға айтатын болған» деген де пікірлер бар. Олардың пікірінше, жарапазан жарлылардың ас-суын айыру үшін күнкөрістің бір түрі болды деседі. Ал енді біреулер жылына бір келетін Рамазанның жарапазансыз сәні келмейтінін алға тартады. Өйткені, жарапазанның мәтінінде ізгі тілектер, үй иелеріне бата айтылады.

Жарапазан үлгілері

Ассалаумағалайкүм, мұсылмандар,
Мойынын хақ жолына ұсынғандар,
Құт орнап отбасыңа, бағың артсын,
Құдайым қабыл етсе, ісіңді оңдар.
Айтамыз жарапазан ауылыңа,
Бақ қонсын бар мұсылман қауымына.
Береке, құт әкелсе, Ораза айы,
Жаз жайлау, жарық еңсін ауылыңа!
Мұхаммед үмбеті айтқан жарапазан,
Бір келген он екі айда ораза иман.

Айтайын жарапазан есігіңе-ау,
Сәби бітсін осы үйдің бесігіңе-ау.
Жарапазан тек қана дін жолы емес,
Бұйыртың деп айтайын несібіңе-ау...
Ескі жыл кетіп қалған есіркейді-ау,
Жаңа жыл жетіп келген нені істейді-ау.
Жаңа жыл жетіп келген жүкпен келер,
Жұбайлар жаңа-жаңа жұппен келер.

Жарапазан батасы

Балалардың мінгені,
Жорға-жорға тай болсын.
Жорғалатып келгенде,
Байдың көңілі жай болсын.
Ай жағыңа қарасаң,
Алтыннан терек орнасын.
Күн жағыңа қарасаң,
Күмістен терек орнасын...
Бөліл-бөліл, бөліл бол,
Бозторғайдай төліл бол.
Бәйтеректей бүрлі бол,
Пайғамбардай нұрлы бол.
Бисмилла, аллаһу акбар!
Бұрама темір, сым темір,
Отқа салса жанбасын,
Суға салса батпасын.
Тәңір берген нәсібе
Тепкілесе кетпесін!
Әумин!

ТҮЙІН:

Жарапазан қанша ғасыр өтсе де мән-маңызын жоғалтпай, халықпен бірге жасасып келе жатқан әдемі дәстүр. Жарапазан жұртты ораза айында төңірегіне, әсіресе мұқтаж адамдарға ерекше мейірбандық көрсетуге насихаттайтыны анық. Бүгінде ескіліктен келе жатқан көптеген салт-дәстүрлердің өзгеріске ұшырағаны рас. Тіпті, қазіргі заманда ауызшарды да ораза ұстаған жандарға берілетін сауапты іске емес, бай-қуатты адамдар өздерінің қатарын шақырып мақтанатын дақпыртқа айналдырып жіберді деген де сыни пікірлер айтылуда. Қалай десек те, кез келген салт-дәстүр әр заман адамдарының тұрмысы мен санасына байланысты өзгередіні анық.

Бетгі әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.



ҚҰРМЕТ

ЖАМБЫЛДАН БАТА АЛҒАН


ғасыр жасаған жауынгер

Адамзат тарихындағы ең ауқымды соғыстың аяқталып, бейбіт күннің орнауына майдангерлер мен тылда талмай еңбек еткен аға-буынның қосқан үлесі зор. Сұрапыл соғысқа қазақ жерінен 1 миллион 200 мың жауынгер аттанған. Солардың тең жартысы майдан даласынан оралмады. 500-ге жуық адам Кеңес Одағының Батыры атанды. Осы орайда Ұлы Жеңістің 78 жылдығына байланысты ғасыр жасаған Ізгілік Дабаев атамизбен әңгімелесіп қайтқан едік.

Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Ізгілік ақсақал 1941 жылы әскерге шақырылып, бірнеше қаланы азат етуге қатысқан. Днепрді жаудан босатқаны үшін «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Әйгілі Курсктегі кескілескен ұрыстағы ерлігі үшін «Ұлы Отан соғысы» орденіне ие болған. 1945 жылы желтоқсан айында елге оралыпты. «Мен 1922 жылы Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Ақтоғай ауылында дүниеге келдім. О заманда қазіргідей сайрап тұрған теледидар жоқ. Соғыстың хабарын да көшедегі радиодан естідік. Сөйтіп, 1941 жылдың маусым айында әскер қатарына қабылдандым. Мәскеу түбіндегі болған майданның бел ортасында жүріп, Берлинге дейінгі қанды шайқастардың куәгері болдым», — деп бастады Ізгілік атамиз әңгімесін.

Бүгінде майдангердің денсаулығы қалыпты. Әр Жеңіс күнін асыға күтетін Ізгілік ата жауынгерлік жылдарын бы-



лайша еске алады: «Мәскеу түбіндегі соғыста біздің әскерлер ерліктің үлгісін көрсетті. Қиян-кескі шайқаста біз 350 мың фашисті тұтқыңа алдық. Осыдан кейін олар тапырақтап, кейін иегіне бастады. Біздің панфиловшылар фашистердің танкісін қиратты. Біз жауды 8 мамыр күні толықтай жеңдік. 9 мамыр күні Рейхстагқа Жеңістің Қызыл туын желбіретіп тіктік», — дейді батыр атамиз.

Ізгілік Нұрмағамбетұлы үш майданда болып, үш рет оқ тигенін де еске алды.

«Менен көпшілігі қалай аман қалғандығым туралы сұрап жатады. Бұл менің ептілігімнен емес, әрине. Қазақта «қырық жыл қырғын болса да, ажалы жеткен өледі» деген сөз бар. Қан майданнан аман қайтуым — Алланың маған берген ең үлкен сыйы деп есептеймін», — деп өз сырын ақтарды.

Ғасырлық мерейтойын атап өткен ақсақалдың есте сақтау қабілеті шынында да қайран қалдырады. Әрбір өткен оқиғаның жылын ғана емес, күніне дейін тәптіштеп тұрып айтуы кім-кімді болсын таңдандырмай қоймайды.

«Маған 1939 жылдың 6 тамызы күні жыр алыбы — Жамбылмен жүздесудің сәті түсті. Жамбыл мені құшақтап, «бақытты бол, ғұмырлы бол» деп ақ батасын берді. «Батаменен ер көгерер» деген мақал әсте тегін айтылмаса керек. Ұзақ жасауымның сыры, әуелі Алланың қолдауы, одан соң Жамбыл ақынның ақ батасының қабыл болғаны шығар деп ойлаймын», — деп үлкендердің ақ батасының адам өміріндегі алар орны ерекше екенін атап өтті.

«Біз Отанымыздың азаттығы үшін күрестік. Біздің ерлігіміз бүгінгі өскелең ұрпаққа өнеге. Жастарымыз білімді, алғыр, өжет болып өссін! Ең бастысы — Отанына адал қызмет етсін! Менің бар тілеуім — осы. Бүгінгідей Көк туымыз көкте желбіреген бейбіт күнде өмір сүріп жатқан әрбіріміз бақыттымыз. Егемен еліміздің еңсесі биік, келешегі кемел, болашағы жарқын болсын! Әділетті Қазақстанымыз тек қана өркендеп, өрлей берсін!», — деп сөзінің соңында өзінің ізгі тілегін де білдірді.

Балдақтың көмегімен жүріп тұратын ақсақал бес мезгіл тамақтанады. Қызыл шайға лимон салып ішсе, бір сергіп қалатынын айтады.

Қолсағатын жанынан бір елі тастамайтын қария уақытты да үнемі бақылап отыратын көрінеді. Сондай-ақ, ұялы телефонның да тілін меңгерген. Келіп түскен қоңырауларға жауап беріп, өзіне қажетті кісілерді тауып, хабарласып отырады.

ТАҒЫЛЫМ

Нұржамал
ӨЛШЕВА

Сәбит Иманосұлының балалық шағы барлық ауыл балалары секілді аулада ойын қуып және колхоз алқабындағы жұмыс істеумен өтті. Қолы қалт ете қалғанда футбол, волейбол, үстел теннисі секілді ойындар ойнаған. Он жеті жасында анасы дүниеден озып, жиырмаға қараған шағында әкесі Имандосты жер қойнауына тапсырды. Бозбала шағында ата-анадан айырылған үш ұл, екі қыз бір-біріне серік боп ерте есейді. Сәбит Иманосұлы кейін қатарынан қалмай, лайықты білім алып аяқтануына алдындағы екі әпкесі мен жездерінің көп көмегі тигенін айтады.

Ақтөбе медициналық институтын тәмамдайды. Одан соң Томск қаласындағы медициналық институттың әскери медицина факультетіне ауысты. Себебі, әскери киім киіп сол саланың маманы атану бала күнгі арманы болатын.

«Мақсат орындалады, қадамың айқын болса» демекші, талай қазақ баласы түлеп ұшқан Томск қаласындағы оқу 1978 жылы аяқталып, «лейтенант» шеніндегі жас дәрігер басшылықтың ұйғарымымен Орта Азия әскери округіне қызметке жіберілді. Богословка елдімекеніндегі артиллериялық полктің медицина пунктін басшысы қызметіне тағайындалды. 1980 жылы полк жауынгерлік әзірлік бойынша дабылмен көтеріліп бөлімнің барлық

«БІЗ БАРҒАН СОҒЫСҚА ҚАТЫСПАҒАНДАР ҚУАНСЫН»

немесе оқ пен отқа шыдас берген жастық жігер туралы бірер сөз

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Ішкі әскер сапында қызмет еткен, әскери медицинаның білікті маманы, әскери дәрігерлердің бірнеше буынын тәрбиелеген шебер ұйымдастырушы, егемендіктің алғашқы күндеріндегі қиын-қыстау кезеңде Ішкі әскер қызметінің аяғынан нық тұруы мен әскери бөліністердің заманға сай керек-жарақпен қамтамасыз етілуінің басы-қасында жүрген полковник Сәбит Аймағанбетов туралы айтсақ жарасар.



жеке құрамы толықтай Талдықорған облысындағы Сарыөзекке ауыстырылған. Бұл жерде түрлі лауазымдарда қызмет етіп, 1983 жылы орда бұзар жасында Отан жүктеген міндетті арқалап, Ауған жеріне аттанды. Ондағы оқ пен оттың ортасындағы қиын да жауапты қызмет екі жылдан аса уақытқа созылды.

— Ауған ардагерлерінің арасында «Біз барған соғысқа қатыспағандар қуансын, қатысқандар мақтансын!» деген нақыл сөз бар. Қай соғыс болса да жақсысы жоқ қой. Бірақ сондай қарулы қақтығыстарда әскери бөлімдердің, әскерилердің кәсіби дайындық деңгейі ғана емес, адамдардың адами болмысы да жан-жақты ашылып, әрбір жауынгердің өмірге

деген көзқарасы өзгеше қалыптасатынына көз жеткіздім. Бауырмалдық пен жанашырлық сезімдері де осындай сәттерде күшейе түсетіндей көрінеді. Мен Ауғанстанның Баграм елдімекенінде тоқтаған жеке барлау батальонында дәрігер болып қызмет еттім. Ауған жеріне аяғымыз тигеннен бері бір ай уақыт өткен кезде кезекті «капитан» шенін алдым. Оған бірақ мән беріп, масаттанып жататын уақыт емес. Белгіленген тәртіп, жүйе бар. Сол бойынша медициналық қызметті ұйымдастырдық. Мәселен, жолға шыққан әрбір лек құрамында міндетті түрде медицина маманы болуы керек. Адам саны рота деңгейіндегі бөліністерде медициналық қамтамасыз етуге офицер тағайындала-

ды. Солай қарбаласпен уақыт өтіп жатты. Аз ғана уақыттан соң қорқыныш сезімін ұмыттық. От пен оққа салқындандылықпен қарай бастадық. Тіпті, бізге қарай атылған миналардың шамамен қай жерге келіп құлайтынын сезіп отыратындай дәрежеге жеттік. Қазір ойлап отырсам, соның барлығына жастық жалынмен, жас жгірімізбен ғана тойтарыс берген екенбіз, — дейді кейіпкеріміз.

«Шепсіз майдан» аталып кеткен ұрыс қимылдарында жарақат алған жауынгерлерге медициналық жәрдем көрсету басты міндеті болды. Өзінің де жарақат алған кездері болды. Бірде автомобильдер легімен келе жатқанда Саланг асуынан өткеннен кейін моджахеттер атқан оқтың астында қалады. Жүргі-

зушісі Александр Паутов Сәбит Иманосұлының көліктен шығарып, оларға қарсы оқ жаудырады. Сөйтіп, дәрігерді ажал оғынан аман алып қалғаны бар. Көзсіз ерлігі үшін олар марапатталды.

Елге оралған соң түрлі лауазымды қызметтер атқарды. Оның ішінде еліміздің әскери саласына айрықша үлес қосты.

— Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жылдары еліміз үшін де, әскер саласында да жеңіл болған жоқ. Әскери техникалар мен құралдар жетіспеді. Әскерді және жеке құрамды киім-кешекпен, азық-түлікпен қамтамасыз ету де біршама қиындықтар туындады. Дегенмен, бұл қиын да қызықты жылдар еді. Себебі, көз алдымызда елордамыздың Астанаға көшуі, Петропавл қаласында жоғарғы әскери училищенің ашылуы секілді егемен еліміздің тарихы қалыптасты. Бірақ біз оның бәрін артқа тастап, бар қиындықты жеңіп шықтық. Қазір қарап отырсам осының барлығына өзіңнің қатысың бар екені көз қуанытып, көңілге қуаныш сыйлайды екен дейді, — полковник Сәбит Иманосұлы.

Ол 2000 жылы ескі жауынгерлік жарақаттары мазалап, денсаулық жағдайына байланысты зейнетке шықты. Қазір 10 жылдан астам уақыт көлемінде «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының Ардагерлер кеңесі құрамында. Зейнеткер ретінде де қарап жатпай, жеке құраммен тәрбие жұмысының бел ортасында жүр. Жас сарбаздарға бағыт-бағдар сілтеуден, тәжірибе бөлісуден еш аянып қалмақ емес. Әскер өміріндегі жаңалықтарды, құрылымдық өзгерістерді жылы қабылдап, халық пен Мемлекет басшысы артқан міндеттердің жоғары деңгейде атқарылуына қашан да тілектес көңіл танытып жүр.

Алты немерелі ата елдің де, отбасының да тыныштығын тілейді.



БІЛІМ

«Жол картасы» жүзеге асырылып жатыр

Алматының білім беру жүйесін дамыту бойынша «Жол картасына» 90-нан астам іс-шара енгізіліп отыр. Олар балалардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін дамытуға бағытталған.

Жыл басынан бері республикалық маңызы бар үш қалада және Ақтөбе облысында білім беру жүйесін дамыту бойынша Жол картасы қабылданды. Осы ретте Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев пен ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев білім беру жүйесін дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған өңірлік жол картасына қол қойған еді. Осыған орай, Оқу-ағарту министрлігі Алматы қаласының білім беру жүйесін дамыту бойынша Жол картасы қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы баяндады.

– Өткен жылдың қыркүйегінде қабылданған «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды» іске асыру аясында біз жол карталарын, оның ішінде сапалы білім беруді дамыту бойынша жол карталарын әзірледік. Біз қол қойған Жол картасы орта білім беру мәселелерін шешу, педагогтарымыздың біліктілігін арттыру және басқа да маңызды мәселелермен толықтырылғанына қуаныштымын», – деген еді сол жолы шаһар басшысы Ерболат Досаев.

Жалпы, министрлік пен әкімдіктердің бірлескен құжаты өңірлердегі білім саласындағы мәселелерді нақты шешіп, кешенді дамытуға бағытталған. Дәл қазіргі кезде қалалық әкімшілік «Жайлы мектеп» жобасын қолға алып, республикалық бюджет есебінен 37 мың оқушыға арналған 22 мектептің құрылысы басталғалы отыр. Бұған қоса, орта білім беру ұйымдарына тағы 30 мектеп пен 9 қосымша құрылыс салу, 2025 жылға дейін оқушы орындарының тапшылығын 23 мыңға жуық төмендетуге мүмкіндік туды. Сонымен қатар, 50 білім беру нысаны жаңартылып, екі жүзге жуық мектеп жаңа буынның пәндік кабинеттерін алатын болады.

Алматының «Жол картасын» жүзеге асыру нәтижесінде 2 мемлекеттік, 1 жекеменшік мектеп ашылып, қалада оқушы орындарының саны 2800-ге артты. Сондай-ақ, 29 мектепте оқып жатқан 7700 оқушыға арнап 100 жаңа автобус сатып алу үшін 5,2 млрд теңге бөлінді. Бүгінде 30 мектеп автобусы жеткізіліп, қалғандары шілде айында беріледі.

«Жол картасы» аясында Алматы құрылыс-техникалық колледж студенттерінің жаңа жатақханасы ашылды. Аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар 30 мың бала үйірмелер мен секцияларға тегін қатысуға мүмкіндік алды. Тәлімгерлік институты жұмыс істей бастады. Бүгінгі таңда Алматының 140 кәсіпорнында 2400-ден астам студент өндірістік тәжірибеден өтіп жатыр.

КОЛЛЕДЖ

Оқу бағдарламалары әзірленді

Бұған дейін колледждердегі оқу үрдісі жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларына негізделіп келсе, енді пәндер студенттер таңдаған мамандыққа бағдарланған практикалық сабақта оқытылатын болды.

Жалпы, колледжге түсетіндердің 80%-ы 9-сынып түлектері. Олар бірінші жылы жалпы білім беретін пәндерді ғана оқып келді.

Жаңа оқу жылынан бастап колледждерде алты бағыт және 16 пән бойынша жаңа үлгілік оқу бағдарламалары енгізілетін болды. Олардың қатарында педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық, техникалық-технологиялық, көркемдік-технологиялық, аграрлық-технологиялық, қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бар. Жаңа үлгілік оқу бағдарламаларында жұмыс беруші талаптары мен өңір ерекшеліктері ескеріледі. Сондай-ақ, сағат саны мен тақырыптардың мазмұны 25%-ға дейін өзгеретін болды.

«DEAFSKILLS-2023»

ҚОҒАМ ҚОЛДАП ОТЫР

Ерекше білім беруді қажет ететін жастар жұмыссыз қалмайды

Алматы қаласындағы Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында «WorldSkills–2023 Almaty», «Deafskills-2023» (есту қабілеті бұзылған студенттерге арналған кәсіби шеберлік чемпионаты) аймақтық кәсіби шеберлік Алматы мемлекеттік технология және флористика колледжінің базасында өтті.

Соңғы уақытта аталмыш колледждің материалдық-техникалық базасы нығайтып, модернизациялау жұмыстары жүріп жатыр. Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар даярлауда да колледж ұжымы алда келеді. Мәселен, студенттердің біліктілігін арттыру мақсатында «Жас маман» жобасына қатысып, ерекше білім алу қажеттіліктері бар студенттер үшін оқу шеберханалары мен кабинеттер соңғы үлгідегі техникалармен, компьютерлермен жабдықталды.

«DeafSkills» – бұл есту қабілеті бұзылған студенттерге арналған кәсіби шеберлік чемпионаты. Байқау барысында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың кәсіптік білім алуы үшін бағдар беруді және олардың жұмыспен қамтылуына, қоғамға, әлеуметтік ортаға бейімделуіне жағдай жасайды.

Есту қабілетінің бұзылысы бар студенттерді қоғамға тартып, еңбек нарығын қалыптастыруға мүмкіндік беріп отыр. Содан да болар, чемпионатқа қатысушылар саны жыл сайын артып келеді.

«WorldSkills–2023 Almaty» аймақтық чемпионатының «Флористика» құзыреттілігі бойынша Милана Ельцова (Алматы технология және флористика колледжі), «Мобильді роботтехника» құзыреттілігі бойынша Дәмелі Махатова, Дінмұхаммед Жұманұлы (Алматы политехникалық колледжі), «Графикалық дизайн» құзыреттілігі бойынша Нам Валерия (Алматы политехникалық колледжі) жүлделі 1-орынды иеленді.

Дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге,
6 айға – 3603,00 теңге, 8 айға – 4804,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге,
6 айға – 9723,00 теңге, 8 айға – 12964,00 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге,
6 айға – 2643,00 теңге, 8 айға – 3524,00 теңге

**Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!*

**«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін**

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті аудан тұрғындары!

2023 жылы 25 сәуірде, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 76 мекенжайындағы «Мәжит Бегалин атындағы №120 гимназия» КММ-де Алматы ауданының әкімі Е.И.Сейтеновтің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық басқарма өкілдері, қалалық Мәслихат депутаттары, прокуратура қызметкерлері және қоғамдық кеңес мүшелері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер WhatsApp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimat_almaly, Twitter – akimat_almaly, Алматы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

Кездесуден кейін аудан әкімі қалалық басқарма өкілдерінің және Мәслихат депутаттарының жеке қабылдауын өткізеді.



Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-012.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Айнұр СЕНБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы борттыңдағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ҚЫЗЫР ҚАМШЫСЫ»

Сәуірдің тоғызы күні биылғы жылдың алғашқы найзағайы ойнап,
күн күркіреп, толассыз жаңбыр жауды

Соңғы күндері жауын жиі көрініс беруде. Бір ауық тына қалып, қайта селдетіп шыға келеді. Айтпақшы, сәуірдің сегізі күні ақырын ғана сіркіреп тұрған жаңбыр ертеңіне шелектеп құйып берді. Ол-ол ма, найзағай ойнап, күн күркіреді. Бұл биылғы жылғы күннің алғашқы күркіреуі еді...

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

Бұрынғылардың айтуы бойынша, көктемде күн алғаш рет «Қызыр қамшысы» кезінде күркіреді. «Қызыр қамшысы» амалы осы айдың 15-інен басталады. Кейбір деректерде 17-18-інде көрініс береді дейді. Амал кезінде алғашқы найзағай ойнап, жаңбыр жауып, жер бусанады. Найзағайдың осы жарқылын «Қызырдың қамшысы шартылдады, қыс кетті» деп санаған. Кей жылдары бір-екі күндік суық орын алатын болған. Көк жүзін жаздың бұлты қаптайды. Мәшһүр Жүсіптің айтуынша, ескіше он бесінші наурыз Қызыр Ілиястың қамшы сілтер күні деп аталады. Әлі ол күнге екі аптадай уақыт бар. Демек, бұл көрініс көктемнің ерте келгенін аңғарта берсе керек...

Нәсер әлі тоқтар емес. Сәл тыныстап, сіркіреп тұрады да, көккөзі долы жеңгейдей аяқасты сілкініп шыға келеді. Пайым бойынша, жауын-шашын жиі орын алатын, салқындық сезілетін, өкпек жел өрекітін кез осы.

Өрік гүлін ашып болды. Бірақ шие мен алма әзір жым-жырт. Жердің көгі де кө-



терілер емес. Күн көзі көрінбей, Алматының аспаны ашылмай тұр.

*«Сәуір келіп сілкінтті санамызды,
Еңбек маршы құлтыртты даламызды.
Жер жаһанды жайқалтып сән берсе де,
Нұрлантпады Алматы қала-қызыды.»*

*«Отамалы» амалы сірә, тынбай,
Астан-кестен қарбалас бір басылмай,
Бірде жаңбыр, бірде қар, бірде тұман...
Аспаны Алматының тұр ашылмай!»*

деген жыр жолдарының еріксіз ернінен шығып кеткенін байқамай да қаласыз.

Бүгін сәуір айының 13-ші жұлдызы – ай есебінше, айдың 22-сі. Ал қазақы жүйе бойынша, сәуірдің 8-жаңасы. Апта айдың басын да, ортасын да, соңын да қамтып тұр. Бұл аптаның құбылмалы болатынын білдіргендей. Дегенмен, өткен аптаға қарағанда жауын азаятын сыңайлы.

Алдымызда «Сәуір», «Қойшы», «Құсқанаты», «Тобылғы жарған», «Бесқонақ» амалдары кезегін күтіп тұр. Бәрі де жауын-шашынды, желі көп, желігі мол амал.

Аспан денелері осылай дейді. Қалай болғанда да алдымыз жаз ғой...

ТАНЫМ

БАБАЛАР
БОЛЖАМЫ

Табиғат пен жануарлардың қимылына қарап жасалған жорамал:

- Торғай ерте жұмыртқаласа, күн ерте жылынады.
- Күн көп күркіресе, егін, шөп мол шығады.
- Қарға қар суына шомылса, күн жылынады.
- Таң күңгірт тартып, күн манаурап көрінсе, жыл жауын-шашынды болады.
- Таң шашырап атса, жыл берекелі болады.
- Ай қораланса, жаз жаңбырлы болады.
- Қоқиғаз былтырғы ұясын жөндемей жұмыртқаласа, жаз құрғақ, жөндеп биіктетсе жаңбырлы болады.

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМИ

БІЗДЕ БОЛЛИВУД КИНО
ТҮСІРІП ЖАТЫР

Мегаполисте болливудтық «Аджис Винайка филмс» компаниясының «Бандра» деп аталатын кинокартинасының түсіріліп жатқаны белгілі болды. Бұл туралы «Хабар 24» хабарлады.

Әрине, романтикалық бағытта көрініс табатын фильм қыз бен жігіттің махаббаты, сол жолда кезіккен қызық, шыжықтарын бейнелейді. «Бандра» былтырғы қыркүйекте Үндістанда түсіріле бастаған екен. Жалғасы Қазақстанда, оның ішінде Алматы шаһарында түсіріліп жатыр. Жалпы, кино желісіне арқау болған хикаялар осыдан 30 жыл бұрын болған оқиғалар деседі. Соның қазіргі өркениет-

пен үйлесетін тұстарын біздің мегаполисте түсіруді ұйғарыпты режиссер. Тыңдады да танымал болливудтық актерлермен бірге, біздің елдің өнер өкілдері де ойнап жатқан көрінеді.

Көрерменге премьерасы биылғы 7 шілдеде ұсынылып, әлем бойынша прокатқа шығады деп болжап отыр. Сондай-ақ, болливудтық режиссер қазақтардың қонақжайлылығы туралы лебіз білдірген.



ЖҮРЕК МУЗЫКАМЕН БІРГЕ СОҒАДЫ

Психологтардың пікірінше, музыка адамға өз мақсаттарына қол жеткізуге және өз-өзіне деген сенімін арттыруға көмектеседі.

Әуеннің әсерінен гүл тез өседі деседі. Музыканттардың есту қабілеті жай адамдарға қарағанда жоғары болады екен. Адамның жүрегі тындап отырған музыкасының ырғағымен бірдей соғады. Музыка жылап жатқан нәрестені бірден тыныштандырады. Спортпен шұғылдану кезінде әуен тындау төзімділікті арттырады деседі. Ежелгі Египетте музыканың көмегімен жүйке ауруларын және ұйқысыздықты емдеген. Әйгілі «Битлз» тобының әншілері бірде-бір нота білмеген. Электрогитараны ойлап тапқан Лео Фендер деген өнертапқыш тіпті сол аспапты тартып көрмеген деседі. Атақты композитор

Бетховен музыка шығарар алдында басын салқын суға салып отыратын болған. Зерттеулерге сүйенсек, рок-әншілер өмірден ерте өтеді екен.

Музыканы қосып қойсаңыз, сиыр көбірек сүт береді дейді, ауылдың келіншектері сынап көрсе болады екен. Адам жұмыс істеп жатқанда ән тындап жүретін болса, бұлшықеттің жұмыс қабілетін екі есе арттырады екен. Кейбір әуендер операция үстелінде жатқан пациенттің ауруын сездірмейтін күшке ие бола алады екен. Жағымды музыка адамның есте сақтау қабілетін арттырады деседі.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.